**«Истихара»** оқып әрі үлкендермен ақылдасып өз ісінің дұрыс екендігіне көз жеткізген кісі өкінбейді. Кемшілік атаулыдан пәк Иеміз былай деген: **“Іс жөнінде олармен (үлкендермен) кеңес ет, сонымен қашан (орындауға) шешім берсең, Аллаға тәуекел ет”** (“Әлі Имран” сүресі, 159-аят).

## **ТАҢЕРТЕҢ ЖӘНЕ КЕШКЕ ОҚЫЛАТЫН ДУҒАЛАР**

Аятүл-күрси оқылады: Ықылас сүресі, Фалақ сүресі, Нас сүресі үш қайтара оқылады.

### **Ықылас сүресі**

Бисмилләһир рахманир рахим.  
Қул һууал-лаһу аһад. Аллаһус-сомад.  
Ләм йалид уә ләм юулад. Уә лам йакул-  
лаһу ку-фу-уан аһад.

### **Фалақ сүресі**

Бисмилләһир рахманир рахим.  
Қул аъзузу бираббил фәләқ. Миң шар-  
римәә хәләқ. Уә миң шарри ғасиқин  
изә уәқәб. Уә миң шаррин-нәф-фәсәти  
фил ьуқады. Уа миң шарри хасидин изә  
хасад.

### **Нас сүресі**

Бисмилләһир рахманир рахим.  
Қул ьаузу бираббин-нәс. Мәликин-  
нәәс. Илләһин-нәәс. Миң шаррил уасуә-  
сил хон-нәәс. Әлләзии ю-уәс-уису фи

судурин-нээс. Минэл жин-нэти уэн-нээс.

«اللَّهُمَّ إِنِّي أَسْأَلُكَ عِلْمًا نَافِعًا، وَرِزْقًا طَيِّبًا، وَعَمَلًا مُتَقَبَّلًا» (إِذَا أَصْبَحَ).

“Аллаһуммә инни әс әлукә ыилмән нәфиъан уә ризқан тай-ибән, уә ыамәлән мутәқаббәлә”. Мағынасы: Ей, Алла! Расында мен Сенен пайдалы білім, адал ризық-несібе әрі (Өз кұзырында) қабыл болатын амал сұраймын. (Бұл дұға таң атқанда оқылады).

«أَسْتَغْفِرُ اللَّهَ وَ أَتُوبُ إِلَيْهِ» (مِائَةَ مَرَّةٍ فِي الْيَوْمِ).

“Әстәғфирул-лаһә уә әтубу иләйһ”. Мағынасы: Мен Алладан жарылқау тілеймін әрі Оған тәубе етемін. (Күніне 100 рет айтылады).

«أَسْتَغْفِرُ اللَّهَ وَ أَتُوبُ إِلَيْهِ» (مِائَةَ مَرَّةٍ فِي الْيَوْمِ).

“Әстәғфирул-лаһә уә әтубу иләйһ”. Мағынасы: Мен Алладан жарылқау тілеймін әрі Оған тәубе етемін. (Күніне 100 рет айтылады).

«أَعُوذُ بِكَلِمَاتِ اللَّهِ التَّامَّاتِ مِنْ شَرِّ مَا خَلَقَ» (ثَلَاثَ

مَرَّاتٍ إِذَا أَمْسَى).

“Әбузу бикәлимәтил-ләһиттәм мәти мин шәрри мә халәқ”. Мағынасы: Алланың толық сөздерімен Оның жаратқан мақұлықтарының кесірінен Оған сыйынамын. (3 рет кешке айтылады).

«اللَّهُمَّ صَلِّ وَسَلِّمْ عَلَى نَبِيِّنَا مُحَمَّدٍ» (عَشْرَ مَرَّاتٍ).

“Аллаһуммә салли уә саллим ғалә нәбийнә Мухаммәд”. Мағынасы: Ей, Алла! Пайғамбарымыз Мұхаммедке игілік пен тыныштық бер! (10-рет оқу).

## ҰЙЫҚТАР АЛДЫНДА АЙТЫЛАТЫН ДҰҒАЛАР

Екі алақанын біріктіре жайып көкірек тұсына әкеледі де, алақандарына дем салып, кейін Ықылас, Фәләқ, Нас сүрелерін оқиды. (Бұл сүрелердің оқылуын жоғарыдағы беттерден қараңыз).

Кейінгі алақандарымен мүмкін-

дігінше денесін толық сипайды. Әдетте басы, жүзі, сондай-ақ, денесінің алдыңғы жағынан бастайды (Осылай үш рет жасалады).

Кейін Аятүл-Күрсиді оқиды (Бұл аят та жоғарыдағы беттерде бар).

Одан соң Бақара сүресінің соңғы екі аятын оқиды:

أَمَّنَ الرَّسُولُ بِمَا أُنزِلَ إِلَيْهِ مِنْ رَبِّهِ وَالْمُؤْمِنُونَ كُلٌّ آمَنَ  
بِاللَّهِ وَمَلَائِكَتِهِ وَكُتُبِهِ وَرُسُلِهِ لَا نُفَرِّقُ بَيْنَ أَحَدٍ مِنْ  
رُسُلِهِ وَقَالُوا سَمِعْنَا وَأَطَعْنَا غُفْرَانَكَ رَبَّنَا وَإِلَيْكَ الْمَصِيرُ  
(۲۸۵) لَا يُكَلِّفُ اللَّهُ نَفْسًا إِلَّا وُسْعَهَا لَهَا مَا كَسَبَتْ  
وَعَلَيْهَا مَا اكْتَسَبَتْ رَبَّنَا لَا تَأْخِذْنَا إِنْ نَسِينَا أَوْ أَخْطَأْنَا  
رَبَّنَا وَلَا تَحْمِلْ عَلَيْنَا إصْرًا كَمَا حَمَلْتَهُ عَلَى الَّذِينَ مِنْ  
قَبْلِنَا رَبَّنَا وَلَا تُحَمِّلْنَا مَا لَا طَاقَةَ لَنَا بِهِ وَاعْفُ عَنَّا وَاعْفِرْ  
لَنَا وَارْحَمْنَا أَنْتَ مَوْلَانَا فَانصُرْنَا عَلَى الْقَوْمِ الْكَافِرِينَ

“Әбузу билләһи минәш-  
шәйтанир ражим. Әмәнәр-расулу  
бимә унзилә иләһи мир-раббихи  
уәл-му>минун. Куллун әмәнә билләһи

уә мәлә икәтиһи уә кутубиһи уә  
русулиһи, лә нүфәррику бәйнә  
әхәдиммир- русулиһи. Уә қалу  
сәмиһнә уә әтаһнә ғуфранәкә раббәнә  
уә иләйкәл-мәсыр. Лә юкәллифул-  
лаһу нәфсән иллә усьаһә. Ләһә мә  
кәсәбәт уә ьаләйһә мәктәсәбәт. Раббәнә  
лә ту әхизнә ин нәсинә әу ахтаһнә .  
Раббәнә уә лә тәхмил ьаләйнә исран  
кәмә хамәл-тәһу ьаләл –ләзинә мин  
қаблинә. Раббәнә уә лә тухаммилнә  
мә лә тақатә ләнә биһи уәьфу ьаннә  
уәғфир ләнә уәрхамнә. Әнтә мәуләнә  
фәнсурнә ьаләл-қаумил-кәфирин”.

Мағынасы: Қуылған шайтаннан  
Аллаға сыйынамын. Мағынасы:  
Пайғамбар өзіне Раббы тарапынан  
түсірілгенге иман келтірді. Мүміндер  
де барлығы Аллаға, періштелерге,  
кітаптарға және пайғамбарларға  
иман келтіреді. Елшілердің араларын  
айырмаймыз, есіттік те бой ұсындық.



Раббымыз! Сенен жарылқау тілейміз, қайтып барар жеріміз де Сенің алдың”- деді. **286.** Алла кісіге шамасы келетін міндетті ғана жүктейді, істеген жақсылығы өз пайдасына, жамандығы өз зиянына. “Раббымыз! Егер ұмытсақ не жаңылсақ бізді жазаламайсың. Раббымыз! Бізге бізден бұрынғыларға жүктегеніндей ауыр жүк жүктеме. Раббымыз! Бізге шамамыз келмейтінді артпа. Бізді кешір, бізді жарылқа, бізді рахымына бөлей гөр! Сен біздің Иемізсің! Бізге кәпір қауымына қарсы жәрдем бер”.

«اللَّهُمَّ قِنِي عَذَابَكَ يَوْمَ تُبْعَثُ عِبَادَكَ» (ثَلَاثَ مَرَّاتٍ).

“Аллаһуммә қини ьазәбәкә йәумә тәбьасу ьибәдәк”. (3 рет).  
Мағынасы: Ей, Алла! Мені пенделерінді қайта тірілтетін күндегі азабыңнан сақтай гөр!

«بِسْمِكَ اللَّهُمَّ أَمُوتُ وَأَحْيَا».

“Бисмикәл-лаһуммә әмуту уә ах-йа”.

Мағынасы: Ей, Алла! Сенің есіміңмен өліп (ұйықтап), Сенің есіміңмен тірілемін (оянамын).

«سُبْحَانَ اللَّهِ (ثَلَاثًا وَثَلَاثِينَ) وَالْحَمْدُ لِلَّهِ (ثَلَاثًا وَثَلَاثِينَ)  
وَاللَّهُ أَكْبَرُ (أَرْبَعًا وَثَلَاثِينَ)».

“Субхәнал-лаһ»ты (33 рет),

«Әлхамду лилләһ» ні (33 рет),

«Аллаһу әкбәр»- ды 34 рет айту.

Мағынасы: Алла кемшілік атаулыдан пәк, Барлық мақтау-мадақтар Аллаға лайық, Алла ұлы. (Кімде-кім осыны ұйықтар алдында айтса, ол оған бір қызметшіден де қайырлы болады (Имам Бұхари).

«الْحَمْدُ لِلَّهِ الَّذِي أَطْعَمَنَا وَسَقَانَا، وَكَفَانَا، وَآوَانَا، فَكَمْ  
مَمَّنْ لَا كَافِيَ لَهُ وَلَا مُؤَيَّ».

“Әлхамду-лил-ләһил ләзи ат-ъаманә уә сәқанә уә кәфәнә уә әуәнә, фәкәм-миммән лә кәфия ләһу уә лә му»уия”.

Мағынасы: Бізді қоректендіріп, сусындандырған, сондай-ақ, бізге кепіл болып әрі бізге баспана берген Аллаға

шүкір. Өйткені кепіл етушісі мен баспана берушісі жоқтар қаншама.

## ҰЙЫҚТАП ЖАТЫП БАСҚА БҮЙІРГЕ АУЫСҚАНДА ОҚЫЛАТЫН ДҰҒА

«لَا إِلَهَ إِلَّا اللَّهُ الْوَاحِدُ الْقَهَّارُ، رَبَّ السَّمَوَاتِ وَالْأَرْضِ  
وَمَا بَيْنَهُمَا الْعَزِيزُ الْغَفَّارُ».

“Лә иләһә илләл-лаһул-уәхидуль-қаһһар, раббус-сәмәуәти уәларды уә мә бәйнәһумәл-ъазизул-ғәффәр”. Мағынасы: Жалғыз, Аса үстем, көктер мен жердің әрі екеуінің арасындағылардың тым үстем, аса жарылқаушы Раббысы Алладан басқа ешбір тәңір жоқ.

## ҰЙҚЫСЫНАН ШОШЫП ОЯНЫП, ӘБІГЕРЛЕНГЕН КІСІ ОҚИТЫН ДҰҒА

«أَعُوذُ بِكَلِمَاتِ اللَّهِ التَّامَّاتِ مِنْ غَضَبِهِ وَعِقَابِهِ، وَشَرِّ  
عِبَادِهِ، وَمِنْ هَمَزَاتِ الشَّيَاطِينِ وَأَنْ يَحْضُرُونَ».

**“Әбузу бикәлимәтил-ләһит тәммәти мин ғадабиһи уә ықабииһи уә шәрри ыбәдиһи, уә мин һәмәзә-тиш-шәй-әтыйни уә ән яхдурун”.**  
Мағынасы: Алланың толық сөздері мен Оның ашуынан, азабынан, пенделерінің жамандығынан, әрі шайтандардың түрткілеуінен және олардың жаныма келуінен Оған сыйынамын.

## **ЖАМАН ТҮС КӨРГЕН КІСІ НЕ ІСТЕЙДІ?**

Дұғаның оқылуы: **«Әбузу билләхи минаш-шайтанир ражим»**-ды үш рет айтып, үш рет сол оянған жағына құрғақ түкіріп, басқа бүйіріне аударылып жату керек. Егер қаласа намаз оқыса тіпті жақсы болады. Жаман түсті ешкімге айтпағаны абзал. Ал егер жақсы түс жоритын кісі болса, сенімді, онда басқа мәселе. Негізі, жаман түс көрген адам садақа жасағаны дұрыс.

## ҮТІР НАМАЗЫНДА ОҚЫЛАТЫН ҚҰНЫТ ДҰҒАСЫ

”اللَّهُمَّ اهْدِنِي فِيمَنْ هَدَيْتَ، وَعَافِنِي فِيمَنْ عَافَيْتَ،  
وَتَوَلَّنِي فِيمَنْ تَوَلَّيْتَ، وَبَارِكْ لِي فِيمَا أَعْطَيْتَ، وَقِنِي  
شَرَّ مَا قَضَيْتَ، فَإِنَّكَ تَقْضِي وَلَا يُقْضَى عَلَيْكَ، إِنَّهُ لَا  
يَذُلُّ مَنْ وَالَيْتَ، [وَلَا يَعُزُّ مَنْ عَادَيْتَ]، تَبَارَكْتَ رَبَّنَا  
وَتَعَالَيْتَ“.

“Аллаһуммәһ-дини фи мән һәдәйт, уә ьафини фи –мән ьафәйтә, уә тәуәлләни фи –мән тәуәл-ләйт уә бәрик ли фи мә әьтайт, уә қини шәрра мә қадайтә, фә-иннәкә тақдый уә лә юқ-да ьаләйкә, иннәһу лә язиллу мән уәләйтә, (уә лә яьиззу мән ьадайтә) Тәбәрактә раббәнә уә тәьаләйт”. Мағынасы: Ей, Алла! Өзің тура жолға салған кісілер қатарына мені де тура жолға сал. Өзің есендік берген кісілер қатарында маған да есендік бер. Өзіңе жақын тұтқан кісілер қатарында мені де Өзіңе жақын тұт. Берген нәрселеріңді маған берекелі ет.

Мені үкім еткендеріңнің жамандығынан сақтағайсың. Расында Сен үкім етесің, Саған ешкім де үкім ете алмайды. Шынында Сен Өзіңе дос тұтқан пенден қор болмайды. Ал Сен Өзіңе жау тұтқан кісі қадірлі болмайды. Ей, Раббымыз! Сен Жоғары, әрі Ұлысың.

## ҮТІР НАМАЗЫНДА СӘЛЕМ БЕРГЕН СОҢ ОҚЫЛАТЫН ДҰҒА

«سُبْحَانَ الْمَلِكِ الْقُدُّوسِ»

“Субхәнәл-мәликил-қуддус”.

Мағынасы: Патша әрі Қасиетті Алла пәк. (3-рет айтылады. 3-шісінде дауысты көтеріп және созынқырап):

«[رَبِّ الْمَلَائِكَةِ وَالرُّوحِ]»

“Раббил-мәлә-икәти уәррух”.

Мағынасы: Періштелер мен Жәбірейілдің Раббысы.

## МАЗАСЫЗДЫҚ ПЕН УАЙЫМ БАСҚАН КЕЗДЕ ОҚЫЛАТЫН ДУҒА

– «اللَّهُمَّ إِنِّي عَبْدُكَ، ابْنُ عَبْدِكَ، ابْنُ أُمَّتِكَ، نَاصِيَتِي  
بِيَدِكَ، مَاضٍ فِي حُكْمِكَ، عَدْلٌ فِي قَضَاؤِكَ، أَسْأَلُكَ  
بِكُلِّ اسْمٍ هُوَ لَكَ، سَمَّيْتَ بِهِ نَفْسَكَ، أَوْ أَنْزَلْتَهُ فِي  
كِتَابِكَ، أَوْ عَلَّمْتَهُ أَحَدًا مِنْ خَلْقِكَ، أَوْ اسْتَأْثَرْتَ بِهِ فِي  
عِلْمِ الْغَيْبِ عِنْدَكَ، أَنْ تَجْعَلَ الْقُرْآنَ رَبِيعَ قَلْبِي، وَنُورَ  
صَدْرِي، وَجَلَاءَ حُزْنِي، وَذِهَابَ هَمِّي».

“Аллаһуммә инни ʔабдукә ибну  
ʔабдикә, ибну әмәтикә, нәсыйяти  
би йәдикә, мәдыйн фи-йә хукмукә,  
ʔадлун фи-йә қадаукә, әс-әлукә би-  
куллисмин һууә ләкә, сәммәйтә биһи  
нәфсәкә, әу әнзәлтәһу фи китәбикә,  
әу ʔалләмтәһу әхәдәм-мин халқикә,  
әуис-тәсәртә биһи фи ʔилмил-ғайби  
ʔиндәкә, ән тәжʔаләл қур әнә рабиʔа  
қалби, уә нура садри, уә жәлә-ә хузни  
уә зәһәбә һәмми”. Мағынасы: Ей, Алла!  
Шын мәнінде мен Сенің құлыңмын.  
Сенің құлың мен күңіңнің ұлымын.

Менің тағдырым Сенің қолыңда, әрі Сенің үкімің маған міндет. Сенің маған жасаған үкімің әділ, Саған тән болған барлық есімдеріңмен Өзіңді атаған немесе кітабыңда түсірген немесе жаратылғандарыңның біріне үйреткен немесе Өзіңнен басқаға құпия еткен барлық есімдеріңмен Өзіңе жалбарынамын. Маған Құранды жүрегімнің көктемі, кеудемнің нұры әрі мазасыздығым мен уайымымды әкетуші ете гөр!

«اللَّهُمَّ إِنِّي أَعُوذُ بِكَ مِنَ الْهَمِّ وَالْحَزَنِ، وَالْعَجْزِ  
وَالْكَسَلِ، وَالْبُخْلِ وَالْجُبْنِ، وَضَلَعِ الدَّيْنِ وَغَلَبَةِ  
الرِّجَالِ».

“Аллаһуммә инни әбузу бикә минәл һәмми уәл-һазәни уәл-һажзи уәл-кәсәли, уәл-бухли уәл-жубни, уә даләьид-дәйни уә ғаләбәтир-рижәл”. Мағынасы: Ей, Алла! Расында мен уайым-қайғыдан, әлсіздіктен, жалқаулықтан, сарандықтан, қорқақтықтын, қарызға батудан әрі



адамдардың басымшылығынан Өзіңе сыйынамын.

## ҚАЙҒЫ-ҚАСИРЕТКЕ ТАП БОЛҒАН СӘТТЕ ОҚЫЛАТЫН ДУҒА

« لَا إِلَهَ إِلَّا اللَّهُ الْعَظِيمُ الْحَلِيمُ، لَا إِلَهَ إِلَّا اللَّهُ رَبُّ  
الْعَرْشِ الْعَظِيمِ، لَا إِلَهَ إِلَّا اللَّهُ رَبُّ السَّمَوَاتِ وَرَبُّ  
الْأَرْضِ وَرَبُّ الْعَرْشِ الْكَرِيمِ. »

“Лә иләһә илләл-лаһул-  
ъазыймул-халиму, лә иләһә илләл-  
лаһу раббул-ъаршил-ъазыйму, лә  
иләһә илләл-лаһу раббус-сәмәуәти  
уә раббул-ардый уә раббул-ъаршил-  
кәрим”. Мағынасы: Ерекше жұмсақ әрі  
ұлы Алладан басқа ешбір тәңір жоқ. Ұлы  
тағының Раббысы Алладан басқа ешбір  
тәңір жоқ, көктер мен жердің Раббы әрі  
ардақты тағының Раббы - Алладан басқа  
ешбір тәңір жоқ.

« لَا إِلَهَ إِلَّا أَنْتَ سُبْحَانَكَ إِنِّي كُنْتُ مِنَ الظَّالِمِينَ. »

“Лә иләһә иллә әнтә субхәнәкә  
инни кунту минәз-залимин ”. Мағынасы:

Сенен басқа ешбір тәңір жоқ. Сен (кемшілік атаулыдан) пәксің. Расында мен (өзіме) зұлымдық жасаушылардан болдым (Имам Термизи).

## ДҰШПАНҒА НЕМЕСЕ ӘДІЛЕТСІЗ БАСШЫҒА ЖОЛЫҚҚАНДА ОҚЫЛАТЫН ДҰҒА

«اللَّهُمَّ إِنَّا نَجْعَلُكَ فِي نُحُورِهِمْ وَنَعُوذُ بِكَ مِنْ  
شُرُورِهِمْ».

“Аллаһуммә иннә нәж-ъалукә фи нухуриһим уә нәъузу бикә мин шуруриһим”. Мағынасы: Ей, Алла! Шын мәнінде біз Сені оларға қалқан етеміз, әрі олардың жамандықтарынан Өзіңе сыйынамыз.

«حَسْبُنَا اللَّهُ وَنِعْمَ الْوَكِيلُ».

“Хәсбунәл-лаһу уә ниъмәл-уәкил”. Мағынасы: Бізге Алла жетіп асады, Ол нендей жақсы Көмекші.

## БАСШЫНЫҢ ЗҰЛЫМДЫҒЫНАН ҚОРЫҚҚАН КІСІ АЙТАТЫН ДҰҒА

«اللَّهُمَّ رَبَّ السَّمَوَاتِ السَّبْعِ، وَرَبُّ الْعَرْشِ الْعَظِيمِ، كُنْ  
لِي جَارًا مِنْ فُلَانِ بْنِ فُلَانٍ، وَأَحْزَابِهِ مِنْ خَلَائِقِكَ، أَنْ  
يَنْفِرَ عَلَيَّ أَحَدٌ مِنْهُمْ أَوْ يَطْعَنِي، عَزَّ جَارُكَ، وَجَلَّ تَنَاوُكَ،  
وَلَا إِلَهَ إِلَّا أَنْتَ.

“Аллаһуммә раббәс-сәмәуәтис-сәб-ъи, уә раббәл-ъаршил-ъазыйм, кун ли жәран мин, (фуләни ибни фулән), уә әхзәбиһи мин халә-иқикә, ән яфрута ьаләй-йа әхәдум-минһум әу ятға, ьаззә жәрукә, уә жәллә сәнә укә, уә лә иләһә иллә әнт”. Мағынасы: Жеті қат көктің Раббысы, ұлы Тақтың Раббысы Алла! Маған (пәленшенің ұлы түгенше) ден және Өзіңнің жаратқандарыңның ішіндегі оның нөкерлерінен Өзің қорған бол! Олардың ешқайсысы маған зәбір көрсетіп, қысым жасай алмайтындай қорған бол. Сенің қорғаның мықты. Сондай-ақ, мерейің үстем әрі Сенен басқа ешбір тәңір жоқ.

## ДҰШПАНҒА ҚАРСЫ АЙТЫЛАТЫН ДҰҒА

«اللَّهُمَّ مُنْزِلَ الْكِتَابِ، سَرِيعَ الْحِسَابِ، اهْزِمِ  
الْأَحْزَابَ، اللَّهُمَّ اهْزِمْهُمْ وَزَلْزِلْهُمْ».

“Аллаһуммә мунзиләл-китәб,  
сәрийәл-хисәб, иһзимил-ахзәбә,  
Аллаһум-мәһ-зимһум уә зәлзилһум  
”. Мағынасы: Кітап түсіруші, есепке  
жүйрік Аллаһым! Бұл жікшіл топтарды  
күйрет. Ей, Аллаһым! Оларды күйретіп,  
талқандағын.

## БІРЕУЛЕРДЕН ҚОРЫҚҚАН КІСІ АЙТАТЫН ДҰҒА

«اللَّهُمَّ اكْفِنِيهِمْ بِمَا شِئْتَ».

“Аллаһуммәк-фини-һим бимә  
ши»тә”. Мағынасы: Ей, Алла! Мені Өзің  
қалаған жолыңмен олардан құтқара гөр!

## ИМАНЫНА КҮМӘНДАНҒАН КІСІ ОҚИТЫН ДҰҒА

«يَسْتَعِيدُ بِاللَّهِ: «أَعُوذُ بِاللَّهِ مِنَ الشَّيْطَانِ الرَّجِيمِ».

«يَنْتَهِي عَمَّا شَكَ فِيهِ».

“Әбузу бил-ләһи минәш-шайтанир ражим”. Мағынасы: «Қуылған шайтанның азғыруынан Аллаға сыйынамын» - деп күмән етіп жатқан ісінен тиылады.

## ҚАРЫЗДАН ҚҰТЫЛУ ҮШІН ОҚЫЛАТЫН ДҰҒА

Али (одан Алла разы болсын) былай деген: “Бірде Әлиге (одан Алла разы болсын) қожайынымен өз-өзін өтеп алу келісімін жасасқан қызметші келіп: “Мен келісімде көрсетілген шарттарды орындай алмаймын. Маған көмектес”, - деп өтінгенде, Әли (одан Алла разы болсын): “**Мен саған Расулуллаһ** (Алланың оған игілігі мен сәлемі болсын) **маған үйреткен тілекті үйретейін бе?** Сен: “**Я, Алла Тағала! Мені халалың арқылы харамнан және жарылқауыңмен Өзіңнен басқаға**

мұқтаж болуымнан құтқара гөр!”,-деп айт. Осылай тілесен, қарызың таудай болса да, Алла Тағала оны өтеп береді”,- деді” (Имам Термизи).

اللَّهُمَّ اكْفِنِي بِحَلَالِكَ عَنْ حَرَامِكَ وَأَغْنِنِي بِفَضْلِكَ  
عَمَّنْ سِوَاكَ“.

“Аллаһуммәк фини бихаләликә ыан хәрамикә уә әһнини би фәдликә ыаммән сиуәк”. Мағынасы: Ей, Алла! Мені харам еткен нәрселеріңнен сақтап, адал еткен нәрселеріңе қанағаттандыр. Әрі Өз кеңшілігіңмен мені Өзіңнен басқаларға мұқтаж етпе.

«اللَّهُمَّ إِنِّي أَعُوذُ بِكَ مِنَ الْهَمِّ وَالْحَزَنِ، وَ الْعِزْزِ  
وَالْكَسَلِ، وَالْبُخْلِ وَالْجُبْنِ، وَضَلَعِ الدَّيْنِ وَغَلَبَةِ  
الرِّجَالِ».

“Аллаһуммә инни әбузу бикә минәл һәмми уәл- хазәни, уәл-ъажзи уәл-кәсәли, уәл-бухли уәл-жубни, уә даләьиддәйни уә ғаләбәтир-рижәл”. Мағынасы: Ей, Алла! Расында мен Саған уайым-қайғыдан,

әлсіздік пен жалқаулықтан, сараңдық пен қорқақтықтан, қарызға бату мен адамдардың басымшылығынан Өзіңе сыйынамын.

## НАМАЗ ЖӘНЕ ҚҰРАН ОҚУ КЕЗІНДЕ ШАЙТАННЫҢ АЗҒЫРУЫНА ҚАРСЫ ДҰҒА

«أَعُوذُ بِاللَّهِ مِنَ الشَّيْطَانِ الرَّجِيمِ وَاتَّقِلْ عَلَيَّ يَسَارِكُ  
(ثَلَاثًا)».

“Әбузу бил-ләһи минәш-шайтанир-ражим”. Мағынасы: “Қуылған шайтанның азғыруынан Аллаға сыйынамын” - деп, сол жағына 3-рет түкіреді.

## ІСІ ҚИЫНДАП КЕТКЕН КІСІ ОҚИТЫН ДҰҒА

«اللَّهُمَّ لَا سَهْلَ إِلَّا مَا جَعَلْتَهُ سَهْلًا وَأَنْتَ تَجْعَلُ الْحَزْنَ  
إِذَا شِئْتَ سَهْلًا».

“Аллаһуммә лә сәһлә иллә мә жәьалтәһу сәһлән уә әнтә тәжьәлул-

хазнә изә шигәтә сәһлә”. Мағынасы: Ей, Алла! Өзің жеңілдеткен істен жеңіл еш нәрсе жоқ. Егер Сен қаласаң, ауыр істі де жеңілдетесің.

## САУДА ЖӨНІНДЕ

Пайғамбарымыз (Алланың оған игілігі мен сәлемі болсын) сауда жасауды сүннетім деген. Яғни, саудамызды адал жасау қажет. Мысалы ретінде, таразыдан жемеу, метрден жемеу, әр заттың кемшілігін айта отыру бұл да сүннет

Сауда жасағанда таза жүріп дәрет алып, бес уақыт намаз оқып жүрсек және тапқан дүниеге шүкір етіп, сабырлы болып қанағат тұту қажет. Мұнымен қатар, сауда орны, тауар өндіретін фабрика, немесе цех болсын, сол құтты жайды таза ұстау керек. Өйткені, таза жерге періште үйір келеді. Сондай-ақ, шариғат табалына сәйкес тапқан мал-



мүліктің зекеті мен садақасын беруді ұмытпаған жөн.

## **КҮНӘ ІС ЖАСАП ҚОЙҒАН КІСІ НЕ ІСТЕП, НЕ АЙТУЫ ҚАЖЕТ?**

Пайғамбарымыз (Алланың оған игілігі мен сәлемі болсын): «Бір күнә іс жасап қойған кісі жақсылап дәрет алып, екі рәкат намаз оқып, кейін Алладан жарылқау тілесе (яғни, «истиғфар» айтса), күдіксіз Алла оны кешіреді» - деген.

## **ШАЙТАНДЫ ӘРІ ОНЫҢ АЗҒЫРУЫН КЕТІРЕТІН ДҰҒА**

أَعُوذُ بِاللَّهِ مِنَ الشَّيْطَانِ الرَّجِيمِ

“Әбузу бил-ләһи минәш-шайтанир ражим”. Мағынасы: “Қуылған шайтанның азғыруынан Аллаға сыйынамын”- деу (Имам Әбу Дауд).

## ПЕРЗЕНТТИ БОЛҒАН КІСІНІ ҚҰТТЫҚТАУ ДҰҒАСЫ ӘРІ ОНЫҢ ЖАУАБЫ

Перзент көрген әкеге былай делінеді:

«بَارَكَ اللهُ لَكَ فِي الْمَوْهُوبِ لَكَ، وَشَكَرْتَ الْوَاهِبَ،  
وَبَلَغَ أَشُدَّهُ، وَرَزَقْتَ بَرَّهُ».

“Бәрәкал-лаһу ләкә фил-  
мәүһуби ләкә, уә шәкәртәл-уәһибә, уә  
бәләғә әшуд-дәһу, уә рузиктә бирраһ”.

Мағынасы: «Алла Тағаланың сізге берген сыйы берекелі болсын! Сіз бұл сыйды берген Сыйлаушыға шүкірлік етіңіз. Алла Тағала сізге оның кәмететке толып, оның жақсылықтарын көруіңізді нәсіп етсін!» Ал бұл тілекке әке былай деп жауап береді:

«بَارَكَ اللهُ لَكَ وَبَارَكَ عَلَيْكَ، وَجَزَاكَ اللهُ خَيْرًا، وَرَزَقَكَ  
اللهُ مِثْلَهُ، وَأَجْرَلَ ثَوَابَكَ».

“Бәрәкал-лаһу ләкә уә бәрака  
ьаләйкә, уә жәзәкәл-лаһу хайран, уә  
разәқакәл-лаһу мисләһу, уә әжзәлә  
сәуәбәк”.Мағынасы: Алла Тағала

сізді де берекелі етсін әрі әрбір ісіңізді берекелі, қайырлы етсін! Аллаһ Тағала мұндай (сыйды) сізге де нәсіп етсін, әрі сізге көп сауап жазсын.

## **ЖАС БАЛАНЫ ТҮРЛІ ЖАМАНДЫҚ ПЕН ТІЛ-КӨЗДЕН САҚТАУ ҮШІН ОҚЫЛАТЫН ДҰҒА**

Ибн Аббас (р.л.ғ.) айтады: “Нәби (Алланың оған игілігі мен сәлемі болсын) Хасан (р.л.ғ.) мен Хусайнді (р.л.ғ.) жамандықтан сақтау үшін: “Барлық шайтан мен улы жәндіктің, әрбір жаман көздің зиянынан Алла Тағаланың кәміл сөздерін сендерге пана етемін”, -деп, кейін: “Сендердің Ибраһим бабаларың Исмаил (ғ.с.) мен Исхаққа (ғ.с.) осылай ететін”, - деді” (Имам Әбу Дәуід). Пайғамбарымыз (Алланың оған игілігі мен сәлемі болсын) немерелері Хасан мен Хусейнге былай деп, дұға ететін еді:

«أُعِيدُكُمْ بِكَلِمَاتِ اللَّهِ التَّامَّةِ مِنْ كُلِّ شَيْطَانٍ وَهَامَّةٍ،  
وَمِنْ كُلِّ عَيْنٍ لَأَمَّةٍ».

“Уъизукумә би-кәлимәтил-  
ләһит-тәммәти мин кулли шәйтанин  
уә һәммәтин, уә мин куллә ʔайнин-  
ләммәһ ”. Мағынасы: “Сендерді бүкіл  
шайтаннан әрі түрлі зиянкестерден және  
сұқ көзден сақтай гөр”-деп Алланың  
кәміл сөздерімен сыйынамын”.

## НАУҚАСТЫҢ КӨҢІЛІН СҰРАП БАРҒАНДА АЙТЫЛАТЫН ДУҒА

«لَا بَأْسَ ظَهُورًا إِنْ شَاءَ اللَّهُ».

“Лә бә»сә таһурун ин шә-Аллаһ  
”. Мағынасы: Ештеңе етпейді Инша  
Алла (күнәлардан) тазарасың.

«أَسْأَلُ اللَّهَ الْعَظِيمَ رَبَّ الْعَرْشِ الْعَظِيمِ أَنْ يَشْفِيكَ»  
(سَبْعَ مَرَّاتٍ).

“Әс-әлул-лаһәл-ʔазыймә раббәл  
ʔаршил- ʔазыйми ән-йәшфияк”. Ұлы  
Тақтың Раббысы Ұлы Алладан саған  
шипә беруін тілеймін. (7 рет).

## НАУҚАСТЫҢ КӨҢІЛІН СҰРАП БАРУДЫҢ АРТЫҚШЫЛЫҒЫ

Пайғамбарымыз (Алланың оған игілігі мен сәлемі болсын) былай деген: “Егер бір кісі науқастанған мұсылман бауырын көру үшін жолға шықса қашан оған жетіп жанына отырғанға дейін жәннат бағында жүріп барады. Егер оның жанына отырса, ол кісіні Алланың мейірімі баурап алады. Егер таңертең барса, кешке дейін 70 мың періште ол кісіге салауат айтады. Ал егер кешке барса, таң атқанша оған 70 мың періште салауат айтады”.

## ӨМІРДЕН КҮДЕР ҮЗГЕН НАУҚАСТЫҢ ДҰҒАСЫ

«اللَّهُمَّ اغْفِرْ لِي وَارْحَمْنِي وَأَلْحِقْنِي بِالرَّفِيقِ الْأَعْلَى».

“Аллаһуммәғ-фир ли уәр-хамни уә әл-хикни биррафиқил әълә”.  
Мағынасы: Ей, Алла! Мені жарылқағың әрі мені Өз мейіріміне бөлей гөр және мені ең жоғарғы достарға қос.

Пайғамбарымыз (Алланың оған игілігі мен сәлемі болсын) өмірден өтер шағында бірнеше рет қолдарын суы бар ыдысқа батырып, содан соң қолымен бетін сүртіп былай деген:

«لَا إِلَهَ إِلَّا اللَّهُ إِنَّ لِلْمَوْتِ لَسَكْرَاتٍ».

“Лә иләһә илләл-лаһу иннә лил-мәути ләсәкәрат”. Мағынасы: Күдіксіз өлімнің алдыңғы жанталасар қиындықтары бар.

« لَا إِلَهَ إِلَّا اللَّهُ وَاللَّهُ أَكْبَرُ، لَا إِلَهَ إِلَّا اللَّهُ وَحْدَهُ، لَا إِلَهَ إِلَّا اللَّهُ وَحْدَهُ لَا شَرِيكَ لَهُ، لَا إِلَهَ إِلَّا اللَّهُ لَهُ الْمُلْكُ وَلَهُ الْحَمْدُ، لَا إِلَهَ إِلَّا اللَّهُ وَلَا حَوْلَ وَلَا قُوَّةَ إِلَّا بِاللَّهِ».

“Лә иләһә илләл-лаһу уәл-лаһу әкбәр, лә иләһә илләл-лаһу уәхдәһ, лә иләһә илләл-лаһу уәхдәһу лә шәрикә ләһ, лә иләһә илләл-лаһу ләһул- мулку уә ләһул-хамду, лә иләһә илләл-лаһу уә лә хаулә уә лә қууәтә иллә билләһ”. Мағынасы: Алладан басқа ешбір тәңір жоқ, Алла ең ұлы. Алладан басқа ешбір тәңір жоқ. Ол жалғыз. Алладан басқа

ешбір тәңір жоқ Ол жалғыз, Оның серігі жоқ. Алладан басқа ешбір тәңір жоқ. Бүкіл мүлік Оныкі әрі бүкіл мақтау-мадақтау Оған лайық. Алладан басқа ешбір тәңір жоқ. Алладан басқа ешкімде күш-қуат жоқ.

## ИМАН ҮЙІРУ ДҰҒАЛАРЫ

Дана халқымыз: «Жан бар жерде қаза бар» демекші, мұны әрбір мен мұсылман білуі керек. Өлім халінде жатқан адамға «Кәлимай Шаһадатты» айтқызу немесе өзің жәй етіп айтып отырған сауап. Кімнің соңғы сөзі:

لَا إِلَهَ إِلَّا اللَّهُ

“Лә иләһә илләл-лаһ” Мағынасы: «Алладан басқа ешбір құдай жоқ» - болса, жәннәтқа кіреді (Имам Термизи).

## ҚАЙҒЫ-ҚАСИРЕТКЕ ҰШЫРАҒАН КІСІНІҢ ДҰҒАСЫ

Бұл жерде жапа шеккен адамнан мақсат: науқас, мүгедек т.б.

Пайғамбарымыз Мұхаммад (Алланың оған игілігі мен сәлемі болсын) айтады: “Кімде-кім жапа шеккен адамды көріп: “Мені сенің басыңа түскен қасіреттен аман еткен және басқа жаратқандарынан абзал еткен Аллаһ Тағалаға мақтау болсын”, - десе, ол солай жапа шегуден аман болады” (Имам Термизи).

”إِنَّا لِلَّهِ وَإِنَّا إِلَيْهِ رَاغِبُونَ اللَّهُمَّ اجْزِنِي فِي مُصِيبَتِي  
وَأَخْلِفْ لِي خَيْرًا مِنْهَا“.

“Иннә лил-ләһи уә иннә иләйһи ражиъун. Аллаһуммәжурни фи мусыйбәти уә әхлиф-ли хайрам-минһә”. Мағынасы: Шын мәнінде біз Аллаға тәнбіз және Оған қайтып барамыз. Ей, Алла! Осы бақытсыздығым себепті маған сауап бере гөр әрі маған оның орнына одан да жақсысын нәсіп ет.

## МӘЙІТТІҢ КӨЗІН ЖАПҚАНДА АЙТЫЛАТЫН ДҰҒА

«اللَّهُمَّ اغْفِرْ لِفُلَانٍ (بِاسْمِهِ) وَارْفَعْ دَرَجَتَهُ فِي الْمَهْدِيِّينَ،



وَإِخْلِفُهُ فِي عَقِبِهِ فِي الْعَابِرِينَ، وَاعْفِرْ لَنَا وَلَهُ يَا رَبَّ  
الْعَالَمِينَ، وَافْسَحْ لَهُ فِي قَبْرِهِ وَتَوَّرْ لَهُ فِيهِ».

“Аллаһуммәғ-фир ли (фулән)  
уэрфәъ дэражәтәһу фил-мәһди-инә,  
уәх-луфһу фи ьақибиһи фил-ғабирин,  
уәғ-фир ләнә уә ләһу йә раббәл-  
ьаләминә, уәф-сәх ләһу фи қабриһи  
уә нәууир ләһу фиһ ”. Мағынасы:  
Ей, Алла! (Пәленшенің) күнәларын  
кешір. Оның дәрежесін тура жолда  
болғандардың арасында жоғарылат, әрі  
оның артында қалғандарға Өзің қамқор  
бол. Ей, әлемдердің Раббы! Бізді әрі оны  
жарылқа. Оның қабірін кең етіп, оны  
нұрға бөлей гөр.

## КӨҢІЛ АЙТУ ДҰҒАСЫ

Дана халқымыз: Қайғыны бөліссең  
азайяды, қуанышты бөліссең көбейеді -  
демекші, қиыншылық түскен адамның  
көңілін сұрау сүннет амалдардан болып  
саналады.

«إِنَّ لِلَّهِ مَا أَخَذَ، وَلَهُ مَا أُعْطِيَ وَكُلُّ شَيْءٍ عِنْدَهُ بِأَجَلٍ

مُسَمًّى... فَلْتَصْبِرْ وَلْتَحْتَسِبْ».

“Иннә лил-ләһи мә әхазә, уә ләһу мә әьта уә куллу шәй-ин ьиндәһу би-әжәлим-мусәммә... Фәл-тасбир уәл-тахтәсиб”. Мағынасы: Шын мәнінде алғаны да, бергені де Алланың Өзінікі. Барлық нәрсе оның қасында белгіленген мерзім бойынша ... Үміт етіп, сабыр еткей.

/Төмендегідей айтса да болады:/

«أَعْظَمَ اللَّهُ أَجْرَكَ، وَأَحْسَنَ عَزَاءَكَ، وَغَفَرَ لِمَيِّتِكَ».

“Әзамәллаһу әжракә, уә әхсәнә ьазә әкә уә ғафәра лимәйитик”. Мағынасы: Алла сауабыңды басым, тұтқан азаңды көркем етіп, мәйітіңді жарылқасын.

## МӘЙІТТИ ҚАБІРГЕ ҚОЯРДА АЙТЫЛАТЫН ДҰҒА

Қабірге қойылған мәйіттің басын құбылаға қаратып, мына дұға оқылады:

«بِسْمِ اللَّهِ وَعَلَى سُنَّةِ رَسُولِ اللَّهِ».

“Бисмилләһи уә ьалә суннәти

расулилләһ”. Мағынасы: Алланың атымен әрі Алланың елшісінің сүннети бойынша.

## МӘЙІТ ЖЕРЛЕНІП БОЛҒАН СОҢ ОҚЫЛАТЫН ДҰҒА

«اللَّهُمَّ اغْفِرْ لَهُ اللَّهُمَّ تَبِّتْهُ».

“Аллаһуммәғ-фир ләһу, Аллаһуммә сәббитһу ”. Мағынасы: Ей, Алла! Оның күнәларын жарылқай гөр. Ей, Алла оны берік ет.

## ҚАБІРДІ ЗИЯРАТ ЕТКЕНДЕ ОҚЫЛАТЫН ДҰҒАЛАР

Қабірлерді зиярат жасау дініміздегі ең жақсы амалдардың бірі. Қабірстанға барғанда ең әуелі мына дұғаны оқылады:

«السَّلَامُ عَلَيْكُمْ أَهْلَ الدِّيَارِ، مِنَ الْمُؤْمِنِينَ وَالْمُسْلِمِينَ،  
وَإِنَّا إِنْ شَاءَ اللَّهُ بِكُمْ لَاحِقُونَ [وَيَرْحَمُ اللَّهُ الْمُسْتَقْدِمِينَ  
مِنَّا وَ الْمُسْتَأْخِرِينَ] أَسْأَلُ اللَّهَ لَنَا وَلَكُمْ الْعَافِيَةَ».

“Әссәләму ыаләйкум әһләд-диәри минәл-муәмининә уәл муслиминә, уә

**иннә ин шә-аллаһу бикум ләһикун [уә  
ярхамул-лаһул –мустәқдиминә миннә  
уәл-мустәхирин әс-әлуллаһә ләнә  
уә ләкумул-ъафияһ]”.** Мағынасы:  
Әссәләму алейкум уа, бұл мазарда  
жатқан мүміндер мен мұсылмандар!  
Алла қаласа біз де (бір күні) сіздерге  
қосыламыз (бізден бұрын өткендерді де,  
бізден кейін өткендерді де Алла рахым  
етсін). Алладан өзімізге де, сіздерге де  
азаптан құтқаруды сұраймыз.

Осыдан соң өткен марқұмдарға  
Құран Кәрім бағыштап, дұға ету керек.  
Қабірді зиярат ету адамға рухани  
пайдасы көп.

## **ЖЕЛ СОҚҚАНДА ОҚЫЛАТЫН ДҰҒА**

**«اللَّهُمَّ إِنِّي أَسْأَلُكَ خَيْرَهَا، وَأَعُوذُ بِكَ شَرِّهَا».**

**“Аллаһуммә инни әс-әлукә  
хайраһә, уә әбузу бикә мин шәрриһә”.**  
Мағынасы: Ей, Алла! Мен Сенен бұл

желдің жақсылығын сұраймын әрі оның кесірінен Өзіңе сыйынамын.

«اللَّهُمَّ إِنِّي أَسْأَلُكَ خَيْرَهَا، وَخَيْرَ مَا فِيهَا، وَخَيْرَ مَا أُرْسَلْتُ بِهِ، وَأَعُوذُ بِكَ مِنْ شَرِّهَا، وَشَرِّ مَا فِيهَا، وَشَرِّ مَا أُرْسَلْتُ بِهِ».

“Аллаһуммә инни әс әлукә хайраһә, уә хайра мә фиһә, уә хайра мә урсиләт биһи уә әбузу бикә мин шәрриһә, уә шәрри мә фиһә уә шәрри мә урсиләт биһ”. Мағынасы: Ей, Алла! Мен Сенен бұл желдің қайырлы болуын, әрі оның ішіндегінің жақсылығын және онымен жіберілген нәрсенің жақсылығын сұраймын, әрі оның жамандығынан, оның ішіндегінің жамандығынан және онымен жіберілген нәрсенің жамандығынан Өзіңе сыйынамын.

## КҮН КҮРКІРЕГЕНДЕ ОҚЫЛАТЫН ДҰҒА

«سُبْحَانَ الَّذِي يُسَبِّحُ الرَّعْدُ بِحَمْدِهِ وَالْمَلَائِكَةُ مِنْ  
خِيفَتِهِ».

“Субхәнәл-ләзи юсәббихур-раъду бихәмдиһи уәл-мәлә-икәту мин хи-фәтиһ”. Мағынасы: Күннің күркіреуі дәріптеп мақтайтын, ал періштелер қорыққандарынан дәріптейтін Алла (кемшілік атаулыдан) пәк.

## ЖАҢБЫР СҰРАҒАНДА ОҚЫЛАТЫН ДҰҒАЛАР

«اللَّهُمَّ اسْقِنَا غَيْثًا مُّغِيثًا مَرِيئًا مَرِيئًا، نَافِعًا غَيْرَ ضَارٍّ،  
عَاجِلًا غَيْرَ آجِلٍ».

“Аллаһуммә әсқинә ғайсән муғисән мәриән мәриъән, нәфиъән ғайра дәррин, ьажилән ғайра әжил”. Мағынасы: Ей, Алла! Бізге құтқарушы, жағымды, нөсерлі, пайдалы, зиянсыз, келешекте емес, қазір жауатын жаңбыр бере гөр!

## ЖАҢБЫР ЖАУҒАН КЕЗДЕ ОҚЫЛАТЫН ДҰҒА

«اللَّهُمَّ صَيِّبًا نَافِعًا».

“Аллаһуммә сай-йибән-нәфиъан”. Мағынасы: Ей, Алла! Бұл жаңбырды пайдалы еткейсің!

## ЖАҢБЫР ТОҚТАҒАН КЕЗДЕ ОҚЫЛАТЫН ДҰҒА

«مُطِرْنَا بِفَضْلِ اللَّهِ وَرَحْمَتِهِ».

“Мутыйрнә би фәдлил-ләһи уә рах-мәтиһ”. Мағынасы: Алланың қамқорлығы әрі Оның мейірімділігімен бізге жаңбыр жауды.

## ЖАҢБЫРДЫ ТОҚТАТУ ДҰҒАСЫ

«اللَّهُمَّ حَوَالَيْنَا وَلَا عَلَيْنَا. اللَّهُمَّ عَلَى الْآكَامِ وَالظَّرَابِ،

وَبُطُونِ الْأُودِيَةِ، وَمَنَابِتِ الشَّجَرِ».

“Аллаһуммә хауәләй-нә уә лә ьаләйнә. Аллаһуммә ьаләл-әкәми уәз-зыйраби, уә бутунил-әудияһ, уә мәнә-битиш-шәжәр”. Мағынасы: Ей, Алла!

Біздің үстімізге емес, жан-жағымызға жаудыр, Ей, Алла! Қыр мен адырларға, сай-салаларға және ағаш өсетін жерлерге жаудыр.

## ЖАҢА АЙДЫ КӨРГЕНДЕ АЙТЫЛАТЫН ДҰҒА

Жаңа ай көргенде Алла Тағалаға мақтау-мадақ айтып, және Мұхаммед (Алланың оған игілігі мен сәлемі болсын) салауаттар айтылады, және алдағы күндерде жақсылық, тыныштық болсын деп. Яғни, барлық жақсылықты тілеу керек. Талха ибн Ыубайдуллаһ (р.л.ғ.) айтады: “Нәби (с.а.с.) жаңадан туған Айды көрсе: “Я, Алла Тағала! Бұл Айды төбемізге көтеріп, бізге қауіпсіздік, имандылық, амандық пен Ислам дінін нәсіп ете гөр! Менің және сенің Раббың Алла Тағала”,-деп айтатын” (Имам Термизи).

”اللَّهُ أَكْبَرُ، اللَّهُمَّ أَهْلُهُ عَلَيْنَا بِالْأَمْنِ وَالْإِيمَانِ،



وَالسَّلَامَةَ وَالْإِسْلَامَ، وَالتَّوْفِيقَ لِمَا تُحِبُّ رَبَّنَا وَتَرْضَى،  
رَبَّنَا وَرَبُّكَ اللَّهُ».

“Аллаһу әкбәру, Аллаһуммә әһилләһу ғаләйнә бил-әмни уәл-имәни, уәс-сәләмәти уәл-Исләми уәт-тәуфиқи лимә тухиббу раббәнә уә тәрда, раббунә уә раббукәл-лаһ”.  
Мағынасы: Алла ұлы. Ей, Алла! Бұл жаңа айды бізге есен амандық, иман - саулық, сондай-ақ, Ислам айы еткейсің. Және Өзің жақсы ұнататын әрі Өзің разы болатын істерге жолдайтын сәтті ай еткейсің (Ей, Ай!) Біздің Раббымыз да, сенің Раббың да Алла.

## АУЫЗ АШАР КЕЗІНДЕ АЙТЫЛАТЫН ДҰҒА

«ذَهَبَ الظَّمْأُ وَابْتَلَّتِ الْعُرُوقُ، وَثَبَتَ الْأَجْرُ إِنْ  
شَاءَ اللَّهُ».

“Зәһәбәз-замә-у уәб-тәл-ләтил-ьурук уә сәбәтәл-әжру ин шә-әллаһ”.  
Мағынасы: Шөлдеу басылды, тамырлар

нәр алды, Алла қаласа бізге сауап та жазылды.

«اللَّهُمَّ إِنِّي أَسْأَلُكَ بِرَحْمَتِكَ الَّتِي وَسِعَتْ كُلَّ شَيْءٍ أَنْ تَغْفِرَ لِي».

“Аллаһуммә инни әс-әлукә бирах-мәтикәлләти уәсиъат куллә шәй-ин ән тәғ-фира ли”. Мағынасы: Ей, Алла! Барлық нәрсені сыйдырған мейірбандығыңмен мені жарылқауыңды сұраймын.

## ТАМАҚТАНАР АЛДЫНДА ОҚЫЛАТЫН ДҰҒА

Пайғамбарымыз (Алланың оған игілігі мен сәлемі болсын) былай деген: “Егер сіздердің біріңіз тамақ жесе,

بِسْمِ اللَّهِ  
“Бисмилләһ” деп бастасын. Ал егер тамақ жеуден алдын айтуды ұмытып кетсе:

بِسْمِ اللَّهِ فِي أَوَّلِهِ وَآخِرِهِ  
“Бисмилләһи фи әууәлиһи уә

әхириһи”. Мағынасы: Әуелінде де, соңында да Алланың атымен бастаймын - десін.

## ТАМАҚТАНЫП БОЛҒАННАН КЕЙІН АЙТЫЛАТЫН ДУҒА

«الْحَمْدُ لِلَّهِ الَّذِي أَطْعَمَنِي هَذَا وَرَزَقَنِيهِ، مِنْ غَيْرِ حَوْلٍ  
مِنِّي وَلَا قُوَّةٍ».

“Әлхамду лилләһил-ләзи ат-  
һәмәни һәзә, уә разәқаниһи, мин ғайри  
хаулин минни уә лә қууәһ”. Мағынасы:  
Менен ешқандай күш-қуат талап етпей,  
мені тамақтандырып, ризықтандырған  
Аллаға шүкір.

## ҚОНАҚТЫҢ ТАМАҚ ИЕСІНЕ АЙТАТЫН ДУҒАСЫ

«اللَّهُمَّ بَارِكْ لَهُمْ فِي مَا رَزَقْتَهُمْ، وَاعْفِرْ لَهُمْ وَارْحَمَهُمْ».

“Аллаһуммә бәрик ләһум  
фи мә разәқтәһум, уәғфир ләһум  
уәрхамһум”. Мағынасы: Ей, Алла!  
Оларға берген ризық несібеңді берекелі

ет, оларды Өзің жарылқа әрі Өзің рахым ете гөр!

## ҚАДЫР ТҮНІ

Дінімізде қасиетті саналған күндер бар. Мысалы, екі айт күндері, жұманың күндізі мен түні. Рамазан айының күндізі және түні қасиетті болып есептеледі. Рамазанның ішінде, әсіресе соңғы он күндігі ерекше қасиетке ие. Өйткені бұл кештерде адам баласының бір жылдық тағдыры белгіленетін Қадыр түні бар.

Қадыр түнінде Қыдыр атаны күтеміз деудің ешқандай діни негізі жоқ. Бұл аңыз. Мұсылмандар бұл қасиетті түнді біреуді күтіп емес, Құран мен хадисте бұйырылған ғибадат түрлерін орындап өткізгені абзал. Қадыр түні оқылатын дұға мәселесіне келер болсақ, Айша (р.л.ғ.) анамыз айтады: **“Мен: “Я, Расулуллаһ (Алланың оған игілігі мен сәлемі болсын)! Мен Қадыр түні**

**болғанын білсем, не деп айтамын?”,-деп сұрағанымда, Ол (с.а.с.): “Я, Тәңірім! Сен кешірімдісің және кешіргенді жақсы көресің. Мені ғафу ет!”,-деп тіле”,-деді”. (Имам Термизи).**

## **ҚОРАЗ ШАҚЫРҒАНДА ЖӘНЕ ЕСЕК АҚЫРҒАНДА АЙТЫЛАТЫН ДҰҒА**

Пайғамбарымыз (Алланың оған игілігі мен сәлемі болсын) былай деген: «Егер қораздың шақырғанын естісеңіздер, Аллаһтан оның кеңшілігін сұраңыздар, өйткені ол (қораз) періштелерді көрген болады. Егер есектің ақырғанын естісеңіздер, Аллаһқа шайтаннан сыйыныңыздар, өйткені ол (есек) шайтанды көрген болады». Осы жағдайларда **«Әбузубилләһи минаш-шайтанир ражим»**-ді оқу керек.

## СУ БЕРГЕН НЕМЕСЕ СУ БЕРГІСІ КЕЛГЕН КІСІГЕ АЙТЫЛАТЫН ДҰҒА

«اللَّهُمَّ أَطْعِمْ مَنْ أَطْعَمَنِي وَاسْقِ مَنْ سَقَانِي».

“Аллаһуммә әтһим мән әтһамәни уәски мән сәқани”. Мағынасы: Ей, Алла! Маған тамақ бергенді Өзің тамақтандыр. Маған су бергенді Өзің сусындандыр!

## БІР ҮЙДЕ АУЗЫН АШҚАН КІСІНІҢ ДҰҒАСЫ

«أَفْطَرَ عِنْدَكُمْ الصَّائِمُونَ، وَأَكَلَ طَعَامَكُمْ الْأَبْرَارُ،  
وَصَلَّتْ عَلَيْكُمْ الْمَلَائِكَةُ».

“Әфтарә ындәкумус-са-имунә, уә әкәлә таһамәкумул-әбрару, уә салләт ьаләйкумул-мәлә-икәһ”. Мағынасы: Үйіңізде ораза тұтқандар ауыз ашсын, тағамдарыңызды ізгі - жақсылар жесін әрі періштелер сіздерге дұға етсін.

## БІРЕУ ОРАЗА ҰСТАҒАН КІСІГЕ ТІЛ ТИГІЗСЕ, ОРАЗА ҰСТАҒАН КІСІ НЕ ДЕУ КЕРЕК?

«إِنِّي صَائِمٌ، إِنِّي صَائِمٌ».

“Инни са-имун, инни са-имун”.

Мағынасы: “Мен ораза ұстаушымын!  
Мен ораза ұстаушымын!” - деп айтады.

## ЖАҢА ПІСКЕН ЖЕМІСТІ КӨРГЕНДЕ ОҚЫЛАТЫН ДУҒА

Әбу хурайра (р.л.ғ.) айтады:  
“Расулуллаһқа (Алланың оған игілігі мен сәлемі болсын) жаңа піскен жемістер алып келінсе: “**Я, Алла Тағала! Біз үшін Мадинаны, жемістерімізді, тіршілік көзі мен таразыларымызды берекелі ете гөр!**”, -деп дуға ететін. Кейін жемісті жанындағы жас балаларға таратып беретін” (Имам Термизи).

”اللَّهُمَّ بَارِكْ لَنَا فِي ثَمَرِنَا، وَبَارِكْ لَنَا فِي مَدِينَتِنَا وَبَارِكْ لَنَا فِي صَاعِنَا، وَبَارِكْ لَنَا فِي مُدَّنَا“.

“Аллаһуммә бәрик ләнә фи сәмәринә, уә бәрик ләнә фи мәдинәтинә уә бәрик ләнә фи са-ъинә, уә бәрик ләнә фи мүддинә”. Мағынасы: Ей, Алла! Біздің жемістерімізге береке бер, қаламызға береке бер және таразы-тастарымызға береке бер!

## ТҮШКІРГЕНДЕ АЙТЫЛАТЫН ДҰҒАЛАР

Пайғамбарымыз (Алланың оған игілігі мен сәлемі болсын) былай деген: “Егер сендерден біреуің түшкірсе:

الْحَمْدُ لِلَّهِ

“Әлхәмду-лилләһ” Мағынасы: «Барлық мақтаулар Аллаға лайық», - десін. Сонда жанындағы бауыры немесе жолдасы:

يَرْحَمُكَ اللَّهُ

“Йәрхаму-кәллаһ”

Мағынасы: «Алланың саған рахымы болсын»- деп айтсын. Егер оған “Йәрхаму-кәллаһ”- деп айтылса, ол



(түшкірген кісі):

يَهْدِيكُمْ اللَّهُ وَيُصْلِحُ بَالَكُمْ

“Йәһдикумул-лаһу уә юслиху бәләкум” Мағынасы: «Алла сіздерді тура жолға бастап, көңіл-күйлеріңізді түзесін», - деп жауап қайтарсын (Имам Бұхари).

## **БІР КӘПІР ТҮШКІРІП, «ӘЛХАМДУ ЛИЛЛӘһ» ДЕСЕ, ОҒАН НЕ ДЕП АЙТУ КЕРЕК?**

«يَهْدِيكُمْ اللَّهُ وَيُصْلِحُ بَالَكُمْ».

“Йәһдикумул-лаһу уә юслиху бәләкум”. Мағынасы: Алла сендерді тура жолға бастап, істеріңді түзесін.

## **ҮЙЛЕНГЕН ЖҰПТАРҒА АЙТЫЛАТЫН ДҰҒА**

Жаңадан отау құрған жұптарға Алла берекелі ғұмыр нәсіп етсін, мүбәрак болсын деп айтылады.

«بَارَكَ اللَّهُ لَكَ، وَبَارَكَ عَلَيْكَ؛ وَجَمَعَ بَيْنَكُمَا فِي خَيْرٍ».

“Бәракал-лаһу ләкә, уә бәракаә  
ьаләйкә, уә жәмәъа бәйнәкумә фи  
хайр”. Мағынасы: Алла саған береке  
берсін және саған береке жаудырсын  
әрі араларыңды жақсылықта қоссын  
(бастарың жақсылықта қосылсын).

## ӘЙЕЛІМЕН ҚОСЫЛУ АЛДЫНДА ОҚЫЛАТЫН ДҰҒА

Әрбір адам өзінің некелеп алған  
жарымен жынысый қатынас жасаудан  
алдын осы дұғаны оқыса, ол шайтанның  
азғыруынан құтылады. Және сол  
қосылудан кейін пайда болған балаға  
шайтан зиянын тигізе алмайды. Төсек  
қатынасынен кейін, ғұсыл-дәрет алу қажет.

اللَّهُمَّ جَنِّبْنَا الشَّيْطَانَ، وَجَنِّبِ الشَّيْطَانَ مَا رَزَقْتَنَا».

“Бисмилләһ, Аллаһуммә жән-  
нибнәш-шәйтәнә, уә жәннибиш-  
шәйтәнә мә разәктәнә”. Мағынасы:  
Алланың атымен (бастаймын). Ей, Алла!  
Бізден шайтанды аулақ ет, әрі бізге нәсіп  
ететін перзенттен де шайтанды аулақ ет.

## АШУЛАНҒАНДА АЙТЫЛАТЫН ДУҒА

«أَعُوذُ بِاللَّهِ مِنَ الشَّيْطَانِ الرَّجِيمِ».

“Әбузу бил-ләһи минәш-  
шәйтанир-ражим”.

Мағынасы:  
Қуылған шайтанның азғыруынан Аллаға  
сыйынамын.

## МӘЖІЛІСТЕ ОҚЫЛАТЫН ДУҒА

Омардың ұлы Абдулладан:  
“Пайғамбарымыз (Алланың оған игілігі  
мен сәлемі болсын) бір мәжілісте  
отырса, тұрып кеткеніне дейін:

«رَبِّ اغْفِرْ لِي وَتُبْ عَلَيَّ إِنَّكَ أَنْتَ التَّوَّابُ الْغَفُورُ».

“Раббиғ-фирли уә тубъяләй-  
йә иннәкә әнтәт-тәууәбул-ғафур”

Мағынасы: “Раббым мені жарылқап,  
тәубемді қабыл ал. Өйткені Сен  
Аса жарылқаушы бек тәубені қабыл  
алушысың”- деп 100 рет айтқандығын  
тіпті санауға болар еді. (Имам Термизи).

## МӘЖІЛІСТІҢ КӘФФАРАТЫ (ТӨЛЕМІ)

«سُبْحَانَكَ اللَّهُمَّ وَبِحَمْدِكَ، أَشْهَدُ أَنْ لَا إِلَهَ إِلَّا أَنْتَ،  
أَسْتَغْفِرُكَ وَأَتُوبُ إِلَيْكَ».

“Субханәкәл-лаһуммә уә  
бихамдикә, әшһәду әллә иләһә иллә  
әнтә, әстәғфирукә уә әтубу иләйк”.  
Мағынасы: Ей, Алла! Сен пәксің! Сенен  
басқа ешбір тәңір жоқ екендігіне куәлік  
беремін. Сенен кешірім сұраймын және  
Саған тәубе етемін.

## «АЛЛА СЕНІ КЕШІРСІН» - ДЕГЕН КІСІГЕ АЙТЫЛАТЫН ДҰҒА

«وَلَكَ».

“Уә ләкә”. Мағынасы: Сені де (кешірсін).

## САҒАН ЖАҚСЫЛЫҚ ІСТЕГЕН КІСІГЕ АЙТЫЛАТЫН ДҰҒА

«جَزَاكَ اللَّهُ خَيْرًا».

“Жәзәкәл-лаһу хайран”. Мағынасы:  
Алла сізге жақсылық берсін.

**«МЕН СЕНІ АЛЛА ҮШІН ЖАҚСЫ  
КӨРЕМІН» - ДЕГЕН КІСІГЕ  
АЙТЫЛАТЫН ДУҒА**

«أَحَبُّكَ الَّذِي أَحْبَبْتِي لَهُ».

“Әхаббәкәл-ләзи ахбәптәни ләһ”.

Мағынасы: Сен мені Кім үшін жақсы көрсең Ол да сені жақсы көрсін.

**МАЛ-МҮЛКІНЕН САҒАН БЕРГІСІ  
КЕЛГЕН КІСІГЕ НЕ АЙТУ КЕРЕК?**

«بَارَكَ اللهُ لَكَ فِي أَهْلِكَ وَمَالِكَ».

“Бәракәллаһу ләкә фи әһликә уә мәлик ”. Мағынасы: Алла сенің үй-ішіңе, мал-мүлкіңе берекет төксін.

**ҚАРЫЗ ТӨЛЕГЕНДЕ ҚАРЫЗ  
БЕРГЕН КІСІГЕ АЙТЫЛАТЫН  
ДУҒА**

«بَارَكَ اللهُ لَكَ فِي أَهْلِكَ وَمَالِكَ، إِنَّمَا جَزَاءُ السَّلْفِ

الْحَمْدُ وَ الْأَدَاءُ».

“Бәракәллаһу ләкә фи әһликә

уә мәликә, иннәмә жәзә уә-сәләфил хамду уәл әдә”. Мағынасы: Алла сенің үй-ішіңе, мал-мүлкіңе береке төксін. Күдіксіз қарыздың сыйы - алғыс пен қарыздың өтелуі.

## КӨЛІККЕ МІНГЕН КЕЗДЕ АЙТЫЛАТЫН ДҰҒА

بِسْمِ اللَّهِ، الْحَمْدُ لِلَّهِ ﴿سُبْحَانَ الَّذِي سَخَّرَ لَنَا هَذَا  
وَمَا كُنَّا لَهُ مُقْرِنِينَ وَإِنَّا إِلَىٰ رَبِّنَا لَمُنْقَلِبُونَ﴾ الْحَمْدُ لِلَّهِ،  
الْحَمْدُ لِلَّهِ، الْحَمْدُ لِلَّهِ، اللَّهُ أَكْبَرُ، اللَّهُ أَكْبَرُ، اللَّهُ أَكْبَرُ،  
سُبْحَانَكَ اللَّهُمَّ إِنِّي ظَلَمْتُ نَفْسِي فَاغْفِرْ لِي، فَإِنَّهُ لَا  
يَغْفِرُ الذُّنُوبَ إِلَّا أَنْتَ.

«Бисмилләһ, әлхамдү лилләһ.  
Субханәлләзи саххара ләна һәзә, уә  
мә кунна ләһу муқринин. Уә инна  
илә Раббина ләмунқалибун. Әлхамду  
лилләһи, әлхамду лилләһи, әлхамду  
лилләһи, Аллаһу әкбар, Аллаһу  
әкбар, Аллаһу әкбар. Субханакәл-  
лаһумма инни заләмту нәфси фаъфир-

ли, иннаһу лә йәғфируз-зунуба иллә әнта». Мағынасы: Алланың атымен, барлық мақтаулар Аллаға тән. “Бізге осыны бағындырған Алла (барлық кемшіліктерден) Пәк. Әйтпесе оған біздің шамамыз жетпес еді. Сөзсіз біз Жаратушы Иеміз жаққа қайтып барамыз”. (Зухруф сүресі 13- аят).

Алла барлық мақтауларға лайық!  
Алла барлық мақтауларға лайық! Алла барлық мақтауларға лайық! Алла ұлы!  
Алла ұлы! Алла ұлы! Ей, Аллаһым! Сен пәксің. Әлбетте мен өзіме зұлымдық жасадым, мені Өзің жарылқа. Өйткені, шын мәнінде Сенен басқа күнәларды жарылқаушы ешкім жоқ.

## САПАР ДУҒАСЫ

«اللَّهُ أَكْبَرُ، اللَّهُ أَكْبَرُ، اللَّهُ أَكْبَرُ، ﴿سُبْحَانَ الَّذِي  
سَخَّرَ لَنَا هَذَا وَمَا كُنَّا لَهُ مُقْرِنِينَ وَإِنَّا إِلَى رَبِّنَا لَمُنْقَلِبُونَ  
﴿اللَّهُمَّ إِنَّا نَسْأَلُكَ فِي سَفَرِنَا هَذَا الْبِرَّ وَالتَّقْوَى، وَ  
مِنَ الْعَمَلِ مَا تَرْضَى، اللَّهُمَّ هَوِّنْ عَلَيْنَا سَفَرَنَا هَذَا وَاطْوِ  
عَنَّا بَعْدَهُ، اللَّهُمَّ أَنْتَ الصَّاحِبُ فِي السَّفَرِ، وَالْخَلِيفَةُ  
فِي الْأَهْلِ، اللَّهُمَّ إِنِّي أَعُوذُ بِكَ مِنْ وَعْثَاءِ السَّفَرِ، وَكَآبَةِ  
الْمَنْظَرِ، وَسُوءِ الْمُنْقَلَبِ فِي الْمَالِ وَالْأَهْلِ»

«Аллаһу әкбар, Аллаһу әкбар,  
Аллаһу әкбар. Субханәлләзи саххара  
ләна һәзә, уә мә кунна ләһу мукринин.  
Уә инна илә Раббина ләмунқалибун.  
Аллаһумма инна нас-әлукә фи  
сәфәрина һәзә әл-бирра уат-тақуа; уә  
минал-һамали ма тарда, Аллаһумма  
һәууин ғаләйна сәфәрана һәзә уат-уй  
һанна буьдаһу. Аллаһумма әнтәс-  
сахибу фис-сәфәр, уәл-халифату фи-л-  
әһл, Аллаһумма инни әбузу бикә мин  
уәһсә-ис-сәфәр, уә кә-әбатил-манзар



**уәс-су-и мунқаләби фил мәли уәл-әһл».** Мағынасы: Алла ұлы! Алла ұлы! Алла ұлы! “Бізге мұны бағынышты еткен Алла пәк. Әйтпесе оған біздің шамамыз жетпес еді. Сөзсіз біз Жаратушы Иеміз жаққа қайтып барамыз”. (“Зухруф” сүресі 13- аяты). Ей, Алла! Біз Сенен осы сапарымызда ізгілікті, тақуалықты және Өзің риза болатын іс-әрекеттерді жасауымызды сұраймыз. Ей, Алла! Бұл сапарымызды бізге жеңіл ет, әрі оның қашықтығын бізге жақын ет. Ей, Алла! Сапардағы жолдасым Өзіңсің, сондай-ақ, жанұяммен қалған да Өзіңсің. Ей, Алла! Мен Сенен сапардың ауыртпашылықтары мен мұңлы көріністен сондай-ақ, мал-мүлкім мен үй ішіме қаралы қайтудан Өзіңе сыйынамын.

**Сапардан қайтқанда мына сөздерді қосып айтады:**

«آيُّونَ، تَائِبُونَ، عَابِدُونَ، لِرَبِّنَا حَامِدُونَ» .

«Әибуна, тәибун, ьабидуна, лираббина хамидун». Мағынасы: “Біз

Раббымызға тәубе етіп, құлшылық жасап, әрі Оған мадақ айтып келе жатырмыз”.

## АУЫЛҒА НЕМЕСЕ ҚАЛАҒА КІРГЕН КЕЗДЕ АЙТЫЛАТЫН ДҰҒА

«اللَّهُمَّ رَبَّ السَّمَوَاتِ السَّبْعِ وَمَا أَظْلَلْنَ، وَرَبَّ الْأَرْضِينَ  
السَّبْعِ وَمَا أَقْلَلْنَ، وَرَبَّ الشَّيَاطِينِ وَمَا أَضَلَلْنَ، وَرَبَّ  
الرِّيَّاحِ وَمَا ذَرَيْنِ. أَسْأَلُكَ خَيْرَ هَذِهِ الْقَرْيَةِ وَخَيْرَ أَهْلِهَا،  
وَخَيْرَ مَا فِيهَا، وَأَعُوذُ بِكَ مِنْ شَرِّهَا، وَشَرِّ أَهْلِهَا، وَشَرِّ  
مَا فِيهَا».

«Аллаһумма раббас-самауатис-сабъи уә мә әзләлна, уә Раббәл-арадинас-сабъи уә мә әқләлна, уә Раббәш-шәйә-тыйни уә мә әдләлна, уә раббар-рияхиуә мә зәрайна. Әс-әлука хайра һәзиһил-қаряти уә хайра әһләһә. Уә әъзузу бикә мин шәрриһә уә шәрри әһлиһә, уә шәрри мә фиһә». Мағынасы: Жеті қат көк пен олардың саясындағылардың Иесі, жеті

қабат жер мен оның үстіндегілердің Иесі, сондай-ақ, шайтандар мен олар адастырғандардың, әрі желдер мен желдер ұшырған нәрселердің Иесі, Алла! Мен осы ауылдың жақсылығы мен әрі оның тұрғындарының жақсылығын әрі ондағы нәрселердің жақсылығын сұраймын. Сондай-ақ, сол ауылдың жамандығы мен тұрғындарының жамандығынан әрі ондағы нәрселердің жамандығынан Өзіңе сыйынамын.

## **БАЗАР, ДҮКЕН ЖӘНЕ САУДА ОРЫНДАРЫНА КІРГЕНДЕ АЙТЫЛАТЫН ДУҒА**

Пайғамбарымыз Мұхаммед (Алланың оған игілігі мен сәлемі болсын) айтады: **“Кімде-кім базарға кіріп: “Аллаһ Тағаладан басқа тәңір жоқ. Ол жалғыз. Оның серігі жоқ. Иелік және мақтау тек Оған тән. Ол тірілтеді және өлтіреді. Әрі Ол мәңгі тірі болушы және ешқашан өлмейді.**

Барлық жақсылық Оның иелігінде. Әрі Оның күдіреті барлық нәрсеге жетеді”,-десе, Алла Тағала мыңдаған жақсылық жазып, мыңдаған жамандығын кетіреді. Әрі оның дәрежесін мыңдаған сатыға көтереді” (Имам Термизи).

”لَا إِلَهَ إِلَّا اللَّهُ وَحْدَهُ لَا شَرِيكَ لَهُ، لَهُ الْمُلْكُ وَلَهُ  
الْحَمْدُ، يُحْيِي وَيُمِيتُ وَهُوَ حَيٌّ لَا يَمُوتُ، بِيَدِهِ الْخَيْرُ،  
وَهُوَ عَلَى كُلِّ شَيْءٍ قَدِيرٌ“.

«Лә иләһә илләл-лаһу уәхдаһу лә шәрикә ләһу ләһул-мулку, уә ләһул-хамду, йухи уә йумит уә һууа хаййун лә йәмут, биядиһил-хайру уә һууа ьалә кулли шәй-ин қадир». Мағынасы: Алладан басқа ешбір тәңір жоқ: ол жалғыз әрі Оның серігі жоқ. Мүлік Оған тән және Ол барлық мақтауға лайық. Ол тірі әрі өлмейді, бар жақсылық Оның қолында, сондай-ақ Оның күш-күдіреті барлық нәрсеге толық жетеді.

**МІНГЕН КӨЛІГІ БІР НӘРСЕГЕ  
СҮРІНГЕН КЕЗДЕ АЙТЫЛАТЫН  
ДҰҒА**

«بِسْمِ اللَّهِ».

«Бисмилләһи». Мағынасы: Алланың  
атымен!

**САПАР ҚЫЛЫП ЖҮРГЕНДЕ  
ТӘКБІР ЖӘНЕ ТАСБИХ АЙТУ**

Жәбір «одан Алла разы болсын»  
былай деген: “Біз өрге көтерілгенімізде:

الله أكبر

Мағынасы: (Аллаһу әкбар)  
деп тәкбір айтатын едік, ал төмен  
түскенімізде:

سبحان الله

Мағынасы: (Субхәналлаһ) деп  
тасбиһ айтатын едік”.

## ҚУАНЫШТЫ НЕМЕСЕ ЖАМАН ХАБАР ЖЕТКЕНДЕ (НЕМЕСЕ ОНЫ КӨРГЕНДЕ) НЕ ДЕЛІНЕДІ?

Пайғамбарымыз (Алланың оған игілігі мен сәлемі болсын) бір нәрсеге қуанғанда былай дейтін:

الْحَمْدُ لِلَّهِ الَّذِي بِنِعْمَتِهِ تَتِمُّ الصَّالِحَاتُ

“Әлхамду лилләһил-ләзи  
биний-мәтиһи тәтиммус-салихәт”.

Мағынасы: Оның нығметімен жақсы істер толықталатын Аллаға шүкір.

Ал бір нәрсе ұнамаса былай дейтін:

الْحَمْدُ لِلَّهِ عَلَى كُلِّ حَالٍ

“Әлхамду лилләһи ғалә кулли хәл”. Мағынасы: Барлық жағдайларда да Аллаға шүкір.

## САЛАУАТТЫҢ САНСЫЗ САУАПТАРЫ

«Салауат» (жекеше түрде – «салат») сөзі – истиғфар, кешірім сұрау, дұға, береке, намаз секілді

мағыналарды қамтиды. Құранда: **«Алла мен оның періштелері міндетті түрде пайғамбарға салауат айтады. Уа, мүміндер! Сендер де оған салауат айтып, шын көңілмен сәлем жолдаңдар!»** («Ахзап» сүресі, 56-аят), – делінген.

Алла Тағаланың «салауат» айтуы – «рақымет», «мейірімділік», періштелердің салауат айтуы – Алла Тағаланың кешірімін сұрау, мүміндер тарапынан болса «жақсы дұға тілеу» мағынасын береді. Сондай-ақ, бұл аят Алла Елшісіне (Алланың оған игілігі мен сәлемі болсын) салауат айтудың қаншалықты маңызды екенін айшықтап береді. Әрі салауаттың пайғамбарымызға (Алланың оған игілігі мен сәлемі болсын) үнемі айтылатынын да ескертіп тұр. Күнделікті бес уақыт намаздың ішінде салауаттың да көп қайталануы оның маңыздылығының бір дәлелі.

Құрметті мұсылман бауырлар! Пайғамбарымыз Мұхаммед (Алланың оған игілігі мен сәлемі болсын) мүбәрак есімдері аталған сәтте естіген адам дереу **“Саллаллаһу аләйһи уә сәлләм”** деп айту, сауапты амал болып саналады. Ал енді, салауат туралы хадистерге назар аударалық.

**«Атым аталған кезде маған салауат айтпаған кісінің мұрны жерге сүрінсін»**, (Тирмизи, Дәуіт 110),

**«Жасалған дұғалар, жеріне жетпестен бұрын жер мен көктің ортасында тұрады. Ол пайғамбарымызға (Алланың оған игілігі мен сәлемі болсын) салауат айтқан кезде ғана жетеді»** (Тирмизи 486).

**«Қиямет күні маған адамдардың ең жақыны – маған көп салауат айтқандары»** (Тирмизи, намаз 327).

**«Есімім аталған кезде маған**



салауат айтпаған адам – нағыз сараң»,– (Тирмизи, Әбу Дәуіт 110).

**«Кімде-кім маған бір рет салауат айтса, Алла Тағала оған он салауат айтады. Әрі он күнәсі кешіріліп, дәрежесі он есе көтеріледі»** (Тирмизи).

Әнәс ибн Мәликтен (р.а.) жеткізілген мына бір хадисте: **«Алла Елшісі** (Алланың оған игілігі мен сәлемі болсын) **мінбердің бірінші баспалдағына шығарда «әмин»** деді. Екінші баспалдаққа шығарда тағы **«әмин»** деді. Үшінші баспалдаққа шығар кезде де **«әмин»** деді де, мінбердің ең жоғары жағына шығып отырды. Сол кезде Муаз ибн Жәбәл (р.а.) **«Уа Расулулла! Мінберге шығарда неге үш рет «әмин» дедіңіз?»**, – деп сұрады. Пайғамбарымыз Мұхаммед (Алланың оған игілігі мен сәлемі болсын): **«Мінбергешығарда Жәбірейіл періште жаныма келді де: «Уа, Мұхаммед!**

**Кімде-кім Рамазан айына жетіп, сол айдың құрметі үшін кешірімге ие бола алмай өмірден өтіп тозаққа кетсе, Алла оны мейірімінен алыстатсын», – деді. Сол кезде мен де «әмин» дедім. «Кімде-кім ата-анасының қартайған шағында олармен жақсы мәміледе болмай, қайтқанда тозаққа кетсе, Алла оны мейірімінен алыстатсын», – деді. Мен де «әмин» дедім. «Кімде-кім сенің есімің аталған кезде салауат айтпай, қайтыс болып тозаққа кетсе, Алла рақыметі мен мейірімінен алыс болсын», – деді. Мен тағы да «әмин» дедім», – деп жауап берген (Дәйлами, Мүснәдул- фирдаус, 1640; Ибн Хиббан, Әс-Сахих, 904, Али әл-Муттақи, Кәнзул-Уммал 24295).**

**«Маған атүстіндегі жолаушының ситорсығына қарағандай қарамаңдар. Дұғаларыңның басында, ортасында және соңында менің атыма салауат**

жолдаңдар!» (Тирмизи).

«Кімде-кім таңғы және кешкі уақыттарда маған арнап он рет салауат айтып, сәлем жолдаса, қиямет күні менің шапағатыма бөленеді» (Әбу Дәрда (р.а.) жеткізген)

### СӘЛЕМДЕСУДІ ТАРАТУ

Пайғамбарымыз Мұхаммед (Алланың оған игілігі мен сәлемі болсын): «Кімнің бойынан мына қасиет табылса, ол кәміл иманды болғаны әділдік, жалпы жұртшылыққа сәлем беріп жүру және өзі мұқтаж бола тұрып өзгеге садақа беру». (Имам Бұхари).

Бір мұсылман екінші бір мұсылманмен кездескенде:

السلام عليكم ورحمة الله وبركاته

“Әссәләму ьаләйкум уә рахмәтуллаһи уә бәракәтуһ”. Мағынасы: Сіздерге Алланың бейбітшілігі, мейірімі мен берекесі болсын!- дейді.

**Екіншісі болса:**

و عليكم السلام ورحمة الله وبركاته

**“Уа ьаләйкумус-сәләму уә рахмәтул-лаһи уә бәрақәтуһ”.**

Мағынасы: Сізге де Алланың бейбітшілігі, мейірімі мен берекесі болсын – дейді.

## **ТҮНДЕ ИТТЕР ҮРГЕНДЕ ОҚЫЛАТЫН ДҰҒА**

Пайғамбарымыз (Алланың оған игілігі мен сәлемі болсын) айтқан: **“Егер түнде иттердің үргенін және есектердің ақырғандарын естісеңіздер; олардан Аллаһқа («Аьузу билләһи минаш-шәйтанир-ражим» - деп) сыйыныңыздар. Өйткені, олар сіздер көрмейтін нәрселерді көреді”** (Әбу Дәуд).

## **БІРЕУ МАҚТАҒАНДА НЕ ДЕП АЙТУ КЕРЕК?**

Пайғамбарымыз (Алланың оған

игілігі мен сәлемі болсын) айтты: «Егер сендерден бір кісі жолдасын мақтамақшы болса, былай десін: «Мен пәленшені (пәлендей, түгендей) деп ойлаймын. Оны шын мәнінде білуші – Аллаһ. Ендеше Аллаһқа ешкімді мақтап, мінездеме бермеймін, тек оны солай деп ойлаймын» - дейді. (Сондай-ақ, мақтағанда өзі жақсы білген тұстарын ғана айтады) (Имам Мүслім).

## ҚҰРБАНДЫҚ ШАЛУ ДУҒАСЫ

Құрбандыққа шалынатын мал тек Алла үшін болуы міндет. Әуелі соятын адам дәретті болып, және пышағын жақсы өткірлеп алсын. Содан соң малдың жүзін құбылаға қаратып, аяқтарын байлап:

«بِسْمِ اللَّهِ وَاللَّهُ أَكْبَرُ [اللَّهُمَّ مِنْكَ وَلَكَ] اللَّهُمَّ تَقَبَّلْ

مِنِّْي».

«Бисмилләһи, уаллаһу әкбар  
[Аллаһуммаминкәуаләкә] Аллаһумма

**тақаббал минни».** Мағынасы: Алланың атымен, Алла ұлы. Ей, Алла! Бұл малды Сен бердің және оны Сен үшін соямын. Ей, Алла! Менен осыны қабыл ете гөр!

## **ҚИЫНДЫҚ НЕМЕСЕ ҚАПАЛЫҚ ТҮСКЕНДЕ**

Мұсылман қай жұмысында болмасын осы дұғаны айтып жүрсе, Алла Тағала оның тілегін қабыл етеді. Инша-Алла.

Дұғаның оқылуы: «**Яа хай-ю, яа қойюму бирахматикә астағис**».

## **ЗӘМ-ЗӘМ СУЫНЫҢ ҚАСИЕТІ**

Зәм-зәм суын ішкен әрбір мұсылман бұл дұғаны оқыса, ол дұға қабыл болады және тілектері амалға асады.

اللهم إني أسألك علما نافعاً، ورزقاً واسعاً، وشفاء من  
كل داء

Дұғаның оқылуы: «Аллаһумма инни асьалукә илман-нафиъан уә ризқан-уәсиъан уә шифаън мин кулли даъни уа сақаман».

Және бір хадисте: «Зәм-зәм суы бас ауруына шипа және оған қарасаң, көздің жанарын нұрландырады, дененің ыстығын басады».

Ибн Аббас риуаят еткен хадисте: «Зәм-зәмді кім қандай ниетте ішсе, сол ниетіне жетеді. Егер шипа сұрап ішкен болса, Алла оған шипа береді. Пана тілеп ішсе, Алла оған пана болады, егер шөлінді қандыру үшін ішсең – шөлің қанады» деген.

## **ИХРАМДАҒЫ КІСІ ҚАЖЫЛЫҚ НЕМЕСЕ УМРА (КІШІ ҚАЖЫЛЫҚ) ҮШІН «ТӘЛБИЯ» ҚАЛАЙ АЙТАДЫ?**

”لَبَّيْكَ اللَّهُمَّ لَبَّيْكَ، لَبَّيْكَ لَا شَرِيكَ لَكَ لَبَّيْكَ، إِنَّ

الْحَمْدَ، وَالنَّعْمَةَ، لَكَ وَالْمُلْكَ، لَا شَرِيكَ لَكَ».

«Ләббәйкәл-лаһумма ләббәйк,  
Ләббәйкә лә шәрика ләкә ләббәйк.  
Иннәл-хамда уан-ниъмата ләкә уәл-  
мулк. Лә шәрикә ләк». Мағынасы: Ей,  
Алла! Міне, мен Сенің алдыңдамын.  
Міне, мен Сенің алдыңдамын. Сенің  
ешбір серігің жоқ, міне, мен Сенің  
алдыңдамын. Расында мадақ та, нығмет  
те, мүлік те Саған ғана тән. Сенің серігің жоқ.

### **ҚАҒБАНЫҢ «ҚАРА ТАС» БҰРЫШЫНА КЕЛГЕНДЕ АЙТЫЛАТЫН ТАКБИР**

Пайғамбарымыз (Алланың оған игілігі мен сәлемі болсын) түйеге мініп Қағбаны тауап етті. Осы бұрыштың тұсына келген сайын қолындағы нәрсемен ишара етіп, «Аллаһу әкбар» - деп тәкбір айтты.



## ҚАҒБАНЫҢ ЙЕМЕН БҰРЫШЫ МЕН «ҚАРА ТАС» АРАСЫНАН ӨТКЕНДЕ АЙТЫЛАТЫН ДУҒА

«Раббәнә әтинә фид-дунйә  
хасәнәтән, уә фил-әхирати хасәнәтән  
уа қина ызабән-нәр». Мағынасы:  
«Раббым! Бізге дүние де жақсылық бер,  
ақыретте де жақсылық бер және тозақ  
отының азабынан сақта!» (Әбу Дәуд).

## САФА МЕН МАРУАНЫҢ ҮСТІНДЕ ТҮРҒАНДА ОҚЫЛАТЫН ДУҒА

Пайғамбарымыз (Алланың оған  
игілігі мен сәлемі болсын!) Сафаға  
жақындағанда мына аятты оқыды

«Иннас-Сафа уәл-Мәруата  
мин шаъа-ирилләһ». «Шын мәнінде,  
Сафа мен Маруа (жоталары) Алланың  
белгілерінен» және

أَبْدَأُ بِمَا بَدَأَ اللَّهُ بِهِ

«Әбда-у бима бәдә-әллаһу биһи». Мағынасы:  
«Алланың бастағанымен  
бастаймын» - деп, Сафадан бастап,

Қағбаны көргеніне дейін Сафа жотасына көтерілді. Кейін жүзін қыблаға қаратып, Алланың бірлігін айтып, Оны ұлықтады да кейін былай деді:

لَا إِلَهَ إِلَّا اللَّهُ وَحْدَهُ لَا شَرِيكَ لَهُ، لَهُ الْمُلْكُ وَلَهُ الْحَمْدُ  
وَهُوَ عَلَى كُلِّ شَيْءٍ قَدِيرٌ، لَا إِلَهَ إِلَّا اللَّهُ وَحْدَهُ، أَنْجَزَ  
وَعَدَهُ، وَنَصَرَ عَبْدَهُ، وَهَزَمَ الْأَحْزَابَ وَحْدَهُ،

«Лә иләһә илләл-лаһу уәхдаһу лә шәрикә ләһу ләһул-мулку, уә ләһул-хамду, уә һууа ьалә кулли шәй-ин қадир. Лә иләһә илләл-лаһу уахдаһу, әнжәзә уаьдаһу уә нәсара ьабдаһу уә һәзәмәл-әхзәбә уахдәһу». Мағынасы: Яғни, Алладан басқа ешбір тәңір жоқ: ол жалғыз әрі Оның серігі жоқ. Мүлік Оған тән және Ол барлық мақтауға лайық. Сондай-ақ Оның күш-құдреті барлық нәрсеге толық жетеді. Бір Алладан басқа құдай жоқ. Ол Өз уәдесін орындады, пендесіне (яғни, елшісіне) көмек берді бүкіл одақтас тайпаларды жалғыз Өзі жеңді.

(Имам Мүслім риуаят қылған бұл хадисте Пайғамбарымыздың осы сөздерді үш рет айтып, Аллаға дұға жасағандары хабарланады. Сондай-ақ, Пайғамбарымыздың (Алланың оған игілігі мен сәлемі болсын) Мәруа жотасына шыққанда Сафаға көтерілгенде жоғарыдағы нәрселерді қайталап істегені хабарланады).

### **АРАФА КҮНІ АЙТЫЛАТЫН ДҰҒА**

Арафатта тұру қажылықтың негізгі парызы, он-сыз қажылық қабыл болмайды. Пайғамбар (Алланың оған игілігі мен сәлемі болсын): «**Қажылық (дегеніміз) – Арафат**», – деген (Әбу Дауд, әт-Тирмизи).

Арафа күні – күндердің ең абзалы. Бұл күні барлық қажылар Арафатта жиналып, күн батқанға дейін Алладан кешірім, мейірім, рақым және басқа да қалаған нәрселерін сұрайды.

Аллаға сансыз мадақтар, Оның елшісі Мұхаммедке салауаттар айтылады. Айша анамыздан риуаят еткен хадисте Пайғамбар: «Алла басқа күндері тозақ отынан дәл Арафа күніндегідей көп адамды құтқармайды. Аллаһ тағала жақындайды да, періштелерге сендермен мақтанады. Одан кейін Алла тағала: «Олар нені қалайды?» – дейді», – деген (Имам Мүслим).

Пайғамбар (Алланың оған игілігі мен сәлемі болсын) айтты: «Дұғалардың ең жақсысы Арафа күні жасалған дұға. Мен және менің алдымда өткен пайғамбарлар айтқан сөздердің ең абзалы:

لَا إِلَهَ إِلَّا اللَّهُ وَحْدَهُ لَا شَرِيكَ لَهُ، لَهُ الْمُلْكُ وَ لَهُ

الْحَمْدُ وَهُوَ عَلَى كُلِّ شَيْءٍ قَدِيرٌ

«Лә иләһә илләл-лаһу уәхдаһу лә шәрикә ләһу ләһул-мулку, уә ләһул-хамду, уә һууа ьалә кулли шәй-ин қадир». Мағынасы: Яғни, Алладан

басқа ешбір тәңір жоқ: ол жалғыз әрі Оның серігі жоқ. Мүлік Оған тән және Ол барлық мақтауға лайық. Сондай-ақ Оның күш-құдреті барлық нәрсеге толық жетеді» - деген сөз.

## **МАШЪАРУЛ-ХАРАМНЫҢ ҚАСЫНДА ТҰРҒАНДА АЙТЫЛАТЫН ДҰҒА**

Пайғамбарымыз (Алланың оған игілігі мен сәлемі болсын) Қасуа деген түйесіне мініп, Машъарул-харамға келді де, Қыблаға қарап Аллаға дұға жасады және Алланы ұлықтап, «Одан басқа ешбір тәңір жоқ» - деді. Таң атып жап-жарық болғанға дейін дұға жасауды жалғастырды да, күн шықпастан бұрын Минаға қарай жүріп кетті (Имам Мүслім).

## ЖАМАРАТТА ШАЙТАНҒА ӘРБІР ТАСТЫ АТҚАНДА АЙТЫЛАТЫН ТӘКБІР

Шайтанға тас атылатын үш жердің әр бірінде «**Аллаһу әкбар**» деп тас атады, кейін алға өтіп, Қыблаға қарап, қолын аспанға көтеріп, дұға жасайды. Бірақ, үшінші жерге тас атқанда олай жасамайды. «**Аллаһу әкбар**» деп тас атқаннан кейін, тоқтамай жүре береді (Имам Бұхари).

## ТАҢЫРҚАҒАНДА ЖӘНЕ ҚУАНЫШТЫ ХАБАР ЕСТІГЕНДЕ АЙТЫЛАТЫН ДҰҒА

«سُبْحَانَ اللَّهِ!»

«**Субханаллаһи**». Мағынасы: Алла (кемшілік атаулыдан) Пәк.

«اللَّهُ أَكْبَرُ»

«**Аллаһу әкбар**» Мағынасы: Алла Ұлы.

## ДЕНЕСІНДЕ АУРУ СЕЗІНГЕН КІСІ НЕ ІСТЕУ КЕРЕК?

Қолды дененің аурып жатқан жеріне қойып, үш мәрте:

بِسْمِ اللّٰهِ

«Бисмилләһ». Мағынасы: (Алланың атымен»), - деп кейін жеті рет:

أَعُوذُ بِاللّٰهِ وَقُدْرَتِهِ مِنْ شَرِّ مَا أَجِدُ وَأُحَاذِرُ

«Аъзузу билләһи уә құдратиһи мин шәрри ма әжиду уә ухазиру»  
Мағынасы: «Алла және Оның құдретіне өзім сезіп, сескенген нәрселердің жамандығынан сыйынамын» - деп айту керек (Имам Мүслім).

## БІР НӘРСЕГЕ КӨЗІ ТИЮДЕН ҚОРЫҚҚАН КІСІ НЕ ДЕУ КЕРЕК?

Пайғамбарымыз (Алланың оған игілігі мен сәлемі болсын) айтты: «Егер сендерден бір кісі бауырының, не өзінің, не мал-мүлкінің өзіне қатты ұнағанын сезсе, оған берекет тілесін.

**Өйткені көз тию ақиқат»** (Ахмад, Ибн Мәжәһ). Көз тимеу үшін әрдайым дәрет алып таза жүру, содан соң адал нәрселерді жеу, және Фатиха, Аятүл-күрсі және Ықылас, Фалак, Нас сүрелерін оқу. (сүрелер жоғарыда көрсетілген)

Көз тиюді қазіргі таңда ғылым дәлелдеген. Сондықтан әрдайым сақтанып дұға етіп жүрсек еш зияны тимейді.

## **ҚОРЫҚҚАН КЕЗДЕ АЙТЫЛАТЫН НӘРСЕЛЕР**

«لَا إِلَهَ إِلَّا اللهُ!»

«**Лә иләһа илләллаһ!**». Мағынасы: Алладан басқа ешбір тәңір жоқ.

## **ӘДЕПКЕ ҚАТЫСТЫ МӘСЕЛЕЛЕР**

Пайғамбарымыз (Алланың оған игілігі мен сәлемі болсын) былай деді: «**Күн батып, кеш басталғанда балаларыңызды (көшеге шығудан)**



тоқтатыңыздар. Өйткені, ол кезде жер бетінде шайтандар кезіп жүреді. Күн батқаннан соң біраз уақыт өткеннен кейін, оларды шығарсаңыздар болады. Есіктерді Алланың есімін атап жабыңыздар. Шайтан жабық есікті ашпайды. Торсықтарыңыздың аузын Алланың есімін атап байлаңыздар. Ыдыстарыңның бетін Алланың есімін атап жабыңыздар, еш болмаса оның үстіне бір нәрсе қойыңыздар және шырақтарыңызды өшіріңіздер» деген (Имам Бұхари, Имам Мүслім).

## **КӘҺФ» СҮРЕНІҢ АРТЫҚШЫЛЫҒЫ**

Пайғамбарымыз Мухаммед (Алланың оған игілігі мен сәлемі болсын) айтады: “Кімде-кім жұма күні “Кәһф” сүресін оқыса, оған екі жұманың аралығындағы мерзімге нұр нәсіп етеді”. “Кәһф” сүренің бастапқы он аятын жаттаған адам Дәжжәлдың

**азғыруынан аман болады”.**

Аяттың оқылуы: «Әлхамду лил-  
ләһил-ләзй әнзәлә ғалә ғабдиһил-  
ки-таба уә ләм яжбәл-ләһу ғиуәжәә  
(1) Қоййимәл-лиюнзиро бәәсэн  
шадйдәм-мил-ләдүнһу, уә юбашширол-  
му минйнәл-ләзйнә яьма-лүүнәс-  
соолихати, әннә ләһум әжран хасана  
(2) Макисйнә фйһи әбәда (3) Уә  
юнзироль-ләзйнә қалүүт-тахазал-лаһу  
уәләда (4) Мә ләһум биһи мин ғилм,  
уә лә лиаабайһим, кәбурат кәлимәтән  
тахружү мин әф^уаһиһим, ий-яқулүүнә  
иллә кәзиба (5) Фаләғалләкә баһиғун-  
нәфсәкә ғалә аасәәриһим ил-ләм  
юмину биһәзәл-хадйси әсәфа (6) Инна  
жәбәлна мә ғаләл-арди зйнәтәл-ләһа  
линәблүғһум әййюһум әхсәну ғамаләә  
(7) Уә инна ләжәәбилүүнә мә ғаләйһә  
соғйдән жүруза (8) Әм хасибтә әннә  
асхабәл-кәһфи уәр-роқйми кәәнү мин  
ааяятина ғажәба (9) Из әуаль-фитйату

иләл-кәһфи фәқоолүү роббәна аатина  
мил-ләдүнкә рохматән, уә һәййи ләна  
мин әмрина рашада»

**«ФАЛӘҚ» ЖӘНЕ «НАС»  
СҮРЕЛЕРІНІҢ  
АРТЫҚШЫЛЫҒЫ**

Әбу Саьид Әл Худури (р.а) айтады:  
«Рассулулаһ (Алланың оған игілігі  
мен сәлемі болсын) «Фаләқ» және  
«Нас» сүрелері түсірілмей тұрып  
жындардың зияны мен адамдардың  
көзі тиюден: «Әузу бил-ләһи минәш-  
шайтонир рожим»- деп айтумен  
сақтанатын. «Фаләқ» және «Нас»  
сүрелері түсірілген соң. Рассуллаһ  
(Алланың оған игілігі мен сәлемі  
болсын) жындардың зияны мен  
адамдардың көзі тиюден сақтану үшін  
тек осы екі сүрені оқитын болды».  
(Имам Термизи)

## МҰСЫЛМАН ҮШІН МАҢЫЗДЫ СҰРАҚ-ЖАУАП

**Сұрақ:** Сіз мұсылмансыз ба?

**Жауап:** Әл-хамдулилләһ,  
мұсылманмын.

**Сұрақ:** Немен дәлелдейсіз?

**Жауап:** «Әшһаду әллә илаһа иллалаһ.  
Уә әшһаду әннә Мухаммадән ғабдуһу  
уә расулуһ».

**Сұрақ:** Қашаннан бері мұсылмансыз?

**Жауап:** Әлимсақтан бері мұсылманбыз.

**Сұрақ:** Қалайша мұсылмансыз?

**Жауап:** Иман келтірумен  
мұсылманмын.

**Сұрақ:** Кімнің құлысыз?

**Жауап:** Алла Тағаланың құлымын.

**Сұрақ:** Кімнің үмметісіз?

**Жауап:** Мұхаммед Пайғамбардың  
(Алланың оған игілігі мен сәлемі  
болсын!) үмметімін.

**Сұрақ:** Кімнің досысыз?

**Жауап:** Төрт шадиярдың (Абубәкір,

Осман, Омар, Әли) досымын.

**Сұрақ:** Кімнің ұрпағынансыз?

**Жауап:** Адам Атаның ұрпағынанмын.

**Сұрақ:** Кімнің милләтіненсіз?

**Жауап:** Ибраһим калилләның  
милләтіненмін.

**Сұрақ:** Кімнің мәзһабынансыз?

**Жауап:** Имам Ағзамның  
мәзһабынанмын.

**Сұрақ:** Сізді кім жаратты?

**Жауап:** Барша әлемді жаратушы Алла  
жаратты.

**Сұрақ:** Пайғамбарымыз кім?

**Жауап:** Пайғамбарымыз Мұхаммед  
(Алланың оған игілігі мен сәлемі  
болсын)

**Сұрақ:** Дінің қайсы?

**Жауап:** Дінім Ислам.

**Сұрақ:** Ислам діні қалай орындалады?

**Жауап:** Ислам діні негізінде 5 нәрсемен  
атқарылады:

1. Иман – Алланың бір екеніне,

Мұхаммед пайғамбар (Алланың оған игілігі мен сәлемі болсын) оның әрі елшісі және құлы екеніне сену.

2. Намаз – Күнделікті бес уақыт намазды өз уақытында орындау.

3. Ораза – Қасиетті Рамазан айында ораза тұту.

4. Зекет – Мал-дүниесінің кірін шығарып тұру.

5. Қажылық – Шамасы жеткен қажыға бару.



## ДҰҒАНЫҢ КЕРІ ҚАЙТАРЫЛМАЙТЫН ЖЕР МЕН УАҚЫТТАРЫ

- ✓ Қағбада және Мәдинедегі ән-Нәуаби мешітіндегі дұғалар;
- ✓ Таңертеңгі уақытта, яғни күн шыққанда;
- ✓ Парыз намазының соңында;
- ✓ Әділ патшаның дұғасы;
- ✓ Зәм-зәм суын ішкен уақытта;
- ✓ Ата-ананың баласы үшін жасаған дұғасы;
- ✓ Түннің үштен бірінде. Яғни, Тәһаджуд намазы уақытында;
- ✓ Жел тұрған уақытта;
- ✓ Жаңбыр жауып тұрғанда тілеген тілектер қабыл;
- ✓ Арафатта және осы күні;
- ✓ Ражаб айының алғашқы түнінде;
- ✓ Жұма күні. Жұма намазы кезінде;
- ✓ Құран-Хатым етілген кезде;

- ✓ Ешкім жоқ жердегі дұғалар;
- ✓ Алладан қорыққаннан бүтін жан дүниесі тітіреніп, көзінен жас аққан кезде оқылған дұға кері қайтарылмайды;
- ✓ Мешіттерде оқылған дұғалар;
- ✓ Шәкірттердің дұғалары;
- ✓ Жолаушының дұғасы;
- ✓ Келген қонақтың дұғасы;
- ✓ Біреуден азар көрген кісінің дұғасы;
- ✓ Қайыршының жасаған дұғасы;
- ✓ Жалпы намаз оқып жатқанда;
- ✓ Жасы үлкен қариялардың дұғасы;
- ✓ Көп балалы аналардың дұғасы;
- ✓ Ғалымның дұғасы;
- ✓ Әрдайым аузынан жақсы сөз шыққан адамның дұғасы;
- ✓ Диқаншының тілегі;
- ✓ Сабырлы кісінің дұғасы;
- ✓ Қайырымды кісінің дұғасы, яғни әр кезде жоқ-жетімдерге көмектесіп жүрген кісілердің тілегі;



- ✓ Иман-молдалардың дұғасы;
- ✓ Ай мен Күн тұтылғанда;
- ✓ Отан қорғап өткен жауынгердің дұғасы;
- ✓ Айт мерекесі күндері;
- ✓ Неке қиылып жатқан уақыттағы дұғалар;
- ✓ Қарызданып қалған кісі жасаған дұғалары;
- ✓ Жегені, кигені, ішкені адалдан болған кісінің дұғасы;
- ✓ Науқас кісінің жасаған дұғасы;
- ✓ Қажылықтан келген уақыттағы жасаған тілектер;
- ✓ Аяғы ауыр (жүкті) әйелдердің жасаған тілектері;
- ✓ Сәждеге бас қойған кезде;
- ✓ Азан шақырып жатқан уақытта;
- ✓ Рамазан айында және Қадір кешіндегі дұғалар;
- ✓ Әрдайым бес уақыт намаз оқып жүрген кісінің дұғасы;

- ✓ Ауыз ашар уақытта және сәресі уақытында жасаған дұғалар;
- ✓ Құрбандық айтта өзгеде уақыттарда мал шалу кезінде т.б. орындарда дұға-тілектер қабыл болады.

Иншалла!

Алла Тағала шын ниетпен жасаған дұға-тілектерімізді қабыл етіп әрдайым үйімізде қуаныш-шаттық, бақ-дәулет, мол ырзық, елдің тыныштығын нәсіп етсін! Әмин!



## ПАЙДАЛАНЫЛҒАН КІТАПТАР ТІЗІМІ:

1. Құран Кәрім.
2. Мұсылман қорғаны Құран мен Сүннеттен алынған дұғалар.  
Құрастырған: Доктор Сағид ибн Али ибн Уаһф әл-Қахтани.
3. Дұғалар кітабы. Алматы қаласы «Өнер» баспасы, 2008ж. Құрастырған: А.Махат.
4. Мұхтасар (Ықшамдалған) Шымкент қаласы, «Алтын алқа» 2006ж.
5. [www. muftyat.kz](http://www.muftyat.kz)
6. [www. muslim.kz](http://www.muslim.kz)
7. [www. oko-meshit.kz](http://www.oko-meshit.kz)
8. Ислам ғылымхалы. М.Исаұлы, Қ.Жолдыбайұлы. Алматы, 2010ж.

## МАЗМҰНЫ

Пайғамбарымыз мұхаммед (Алланың оған игілігі мен сәлемі болсын).....	6
Дұғаның абзалы.....	10
Дұға етудің әдеттері.....	10
Исмүл-ағзам дұғалары.....	12
Кәлимәтут-тамжид.....	13
Истиғфар дұғалары.....	14
Кешірім сұрау (әл-истиғфар) және тәубе ету.....	15
Тасбих, тахмид, таһлил және тәкбир айтудың артықшылығы.....	16
Ұйқыдан оянғанда оқылатын дұғалар....	19
Киім кигенде оқылатын дұға.....	21
Жаңа киім кигенде оқылатын дұға.....	21
Жаңа киім киген кісіге арнап айтылатын дұға.....	22
Киім шешкенде айтылатын дұға.....	22

Әжетханаға кірер кезде айтылатын дұға...	23
Есінегенде не істейміз?.....	25
Түнде иттер үргенде.....	25
Дәрет алар кезде айтылатын дұға.....	25
Дәрет алып болғаннан кейін айтылатын дұға..	26
Үйден шыққан кезде оқылатын дұға...27	
Үйге кірер кезде оқылатын дұға.....	28
Мешітке кірерде оқылатын дұға.....	29
Мешіттен шығар уақытта оқылатын дұға...30	
Азан айтқан уақытта оқылатын дұғалар..30	
Намазды бастаудың алдында оқылатын дұға.33	
Рукуғта (намазда еңкейгенде)	
айтылатын дұға.....	33
Рукуғтан бас көтергенде айтылатын дұға.....	34
Сәждеге бас қойғандағы дұға.....	34
Екі сәжде арасындағы отырыста	
оқылатын дұға.....	35
Тіләуәт сәждесінің дұғасы.....	36
Әт-тәхият (тәшәһһуд) дұғасы.....	36

Тәшәһһуд” -тан кейін пайғамбарымызға айтылатын дұға.....	37
Сәлем беруден бұрын оқылатын дұға.....	39
Намазда сәлем бергеннен соң оқылатын дұғалар.....	43
Аятүл-күрсіні әр намаздан кейін оқу керек.....	46
Истихара (көмек сұрау) намазының дұғасы.....	48
Таңертең және кешке оқылатын дұғалар.....	52
Ұйықтар алдында айтылатын дұғалар.....	54
Ұйықтап жатып басқа бүйірге ауысқанда оқылатын дұға.....	59
Ұйқысынан шошып оянып, әбігерленген кісі оқитын дұға.....	59
Жаман түс көрген кісі не істейді?.....	60
Үтір намазында оқылатын құнығт дұғасы.....	61
Үтір намазында сәлем берген соң оқылатын дұға.....	62
Мазасыздық пен уайым басқан кезде оқылатын дұға.....	63

Қайғы-қасіретке тап болған сәтте оқылатын дұға.....	65
Дұшпанға немесе әділетсіз басшыға жолыққанда оқылатын дұға.....	66
Басшының зұлымдығынан қорыққан кісі айтатын дұға.....	67
Дұшпанға қарсы айтылатын дұға.....	68
Біреулерден қорыққан кісі айтатын дұға.....	68
Иманына күмәнданған кісі оқитын дұға.....	68
Қарыздан құтылу.....	69
Үшін оқылатын дұға.....	69
Намаз және құран оқу кезінде шайтанның азғыруына қарсы дұға.....	71
Ісі қиындап кеткен кісі оқитын дұға...	71
Сауда жөнінде.....	72
Күнә іс жасап қойған кісі не істеп, не айтуы қажет?.....	73
Шайтанды әрі оның азғыруын кепіретін дұға.....	73
Перзентті болған кісіні құттықтау	

дұғасы әрі оның жауабы.....	74
Жас баланы түрлі жамандық пен тіл- көзден сақтау үшін оқылатын дұға.....	75
Науқастың көңілін сұрап барғанда айтылатын дұға.....	76
Науқастың көңілін сұрап барудың арты қшылығы.....	77
Өмірден күдер үзген науқастың дұғасы.....	77
Иман үйіру дұғалары.....	79
Қайғы-қасіретке ұшыраған кісінің дұғасы.....	79
Мәйіттің көзін жапқанда айтылатын дұға.....	80
Көңіл айту дұғасы.....	81
Мәйітті қабірге қоярда айтылатын дұға.....	82
Мәйіт жерленіп болған соң оқылатын дұға.....	83
Қабірді зиярат еткенде оқылатын дұғалар.....	83
Жел соққанда оқылатын дұға.....	84
Күн күркірегенде оқылатын дұға.....	86



Жаңбыр жауған кезде оқылатын дұға.....	87
Жаңбыр тоқтаған кезде оқылатын дұға...	87
Жаңбырды тоқтату дұғасы.....	87
Жаңа айды көргенде айтылатын дұға.....	88
Ауыз ашар кезінде айтылатын дұға.....	89
Тамақтанар алдында оқылатын дұға...	90
Тамақтанып болғаннан кейін айтылатын дұға.....	91
Қонақтың тамақ иесіне айтатын дұғасы...	91
Қадыр түні .....	92
Қораз шақырғанда және есек ақырғанда айтылатын дұға.....	93
Бір үйде аузын ашқан кісінің дұғасы..	94
Біреу ораза ұстаған кісіге тіл тигізсе, ораза ұстаған кісі не деу керек?.....	95
Жаңа піскен жемісті көргенде оқылатын дұға.....	95
Түшкіргенде айтылатын дұғалар.....	96
Бір кәпір түшкіріп, «әлхамду лилләһ»	

десе, оған не деп айту керек?.....	97
Үйленген жұптарға айтылатын дұға...	97
Әйелімен қосылу алдында оқылатын дұға.....	98
Ашуланғанда айтылатын дұға.....	99
Мәжілісте оқылатын дұға.....	99
Мәжілістің кәффараты (төлемі) «Алла сені кешірсін» - деген кісіге айтылатын дұға.....	100
Саған жақсылық істеген кісіге айтылатын дұға.....	100
«Мен сені алла үшін жақсы көремін» - деген кісіге айтылатын дұға.....	101
Мал-мүлкінен саған бергісі келген кісіге не айту керек?.....	101
Қарыз төлегенде қарыз берген кісіге айтылатын дұға.....	101
Көлікке мінген кезде айтылатын дұға....	102
Сапар дұғасы.....	104


Ауылға немесе қалаға кірген кезде айтылатын дұға.....	106
Базар, дүкен және сауда орындарына кіргенде айтылатын дұға.....	107
Мінген көлігі бір нәрсеге сүрінген кезде айтылатын дұға.....	109
Сапар қылып жүргенде тәкбір және тасбих айту.....	109
Қуанышты немесе жаман хабар жеткенде (немесе оны көргенде) не делі неді?.....	110
Салауаттың сансыз сауаптары.....	110
Сәлемдесуді тарату.....	115
Түнде иттер үргенде оқылатын дұға.....	116
Біреу мақтағанда не деп айту керек?....	116
Құрбандық шалу дұғасы.....	117
Қиындық немесе қапалық түскенде..	118
Зәм-зәм суының қасиеті.....	118
Ихрамдағы кісі қажылық немесе умра	

(кіші қажылық) үшін «тәлбия» қалай айтады?.....	119
Қағбаның «қара тас» бұрышына келгенде айтылатын такбир.....	120
Қағбаның йемен бұрышы мен «қара тас» арасынан өткенде айтылатын дұға.....	121
Сафа мен маруаның үстінде тұрғанда оқылатын дұға.....	121
Арафа күні айтылатын дұға.....	123
Машъарул-харамның қасында тұрғанда айтылатын дұға.....	125
Жамаратта шайтанға әрбір тасты атқанда айтылатын тәкбір.....	126
Таңырқағанда және қуанышты хабар естігенде айтылатын дұға.....	126
Денесінде ауру сезінген кісі не істеу керек?.....	127
Бір нәрсеге көзі тиюден қорыққан кісі не деу керек?.....	127

Қорыққан кезде айтылатын нәрселер.....	128
Әдепке қатысты мәселелер.....	128
Кәһф» сүренің артықшылығы.....	129
«Фаләқ» және «нас» сүрелерінің артық шылығы.....	131
Мұсылман үшін маңызды сұрақ-жауап.....	132
Дұғаның кері қайтарылмайтын жер мен уақыттары.....	135

























Редакторы: Амина Естемір  
Корректоры: Дархан Мұхамеджанұлы  
Дизайнері: Абзал Жауһаров

Басуға берілген 13.03.2015 ж.  
Баспа табағы 10. Офсеттік басылым.  
Таралымы 99 дана. Тапсырыс №.3884  
Бағасы келісім бойынша.  
«Алтын алқа» баспаханасында  
басылды.